БЕЙСЕНБІ
№99 (4347)
7.09.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚОР МАҢЫЗДЫ САЛАЛАРҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы «Қазақстан халқына» қорының төрағасы Болат Жәмішевті қабылдады.

Президентке қор 2022 жылы қаңтарда құрылған уақыттан бері қайырымдылық жасаудың тұрақты моделін ұлттық ауқымда қалыптастырғаны туралы мәлімет берілді.

Қор ашықтық, есептілік, заңдылық және тұрақтылық секілді қоғамдық қаржыны басқарудың негізгі қағидаттарын сақтайды және еліміздегі қайырымдылық экожүйесінің дамуына елеулі үлес қосады.

Қордың жұмысы жалпы жұртшылықтың сенім мандатына негізделген.

Қордың қайырымдылық жобалары мен бағдарламалары қоғам өмірінің маңызды салаларына айтарлықтай әсер етеді және көбіне олардың дамуына тың серпін береді.

Болат Жәмішевтің айтуынша, қор азаматтарымыздың денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларындағы негізгі мәселелерін шешуге бағытталған жалпы сомасы 146,5 миллиард теңге болатын 40-тан астам қайырымдылық бағдарлама мен жобаны қаржыландырады. Сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетіледі. Қордың бағдарламалары ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларға басымдық бере отырып, еліміздің барлық өңірлерінде жүзеге асырылады.

Қордың ең ірі бағдарламасы – өмірге қауіп төндіретін және орфанды (сирек) аурумен ауыратын науқастар үшін дәрілік препараттарды сатып алу. 324 қазақстандық (оның 243-і балалар) үшін 24,9 миллиард теңге көлемінде дәрілік заттардың 36 түрі, сондай-ақ Қазақстанға алғаш рет жеті препарат, оның ішінде әлемдегі ең қымбат «Золгенсма» дәрісі сатып алынды. Қордың қолдауының нәтижесінде елімізде тірек мектептер жүйесі (80 мектеп), ауылдағы, әсіресе аз жабдықталған мектептердегі білім деңгейін арттыру үшін құзыреттілік орталықтары құрылды.

Қор мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған және ауылдан шыққан талапкерлердің жоғары білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Республика бойынша 2200-ден астам студент «Қазақстан халқына» қорының гранттары мен стипендиясының иеленген. Ауылдарда спортпен айналысатын залдардың тапшылығы мен қолжетімсіздігін ескеріп, қордың қолдауымен ауыл жастарына арналған 24 спорт залы ашылды. Қазіргі таңда 76 залды іске қосу жұмыстары жалғасады.

Ерекше балаларға арналған оңалту орталықтарын құру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Жалпы 4 ерте араласу орталығы және аутизм мен басқа да ақыл-ой ауытқушылығы бар балаларға арналған 4 орталық ашылды. 13 орталықты ашу жұмыстары жүргізілуде.

15 тамыздан бастап қордың бастамасымен «Өңірлерге арналған қор» атты ұлттық қайырымдылықтың II конференциясы басталды. Еліміздің барлық аймағында дөңгелек үстел форматында өңірлердің қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, жүзеге асыруға ұсынылатын бастамалар талқыланып, жобалар айқындалады. Әзірленген ұсыныстар 2024 жылы «Қазақстан халқына» қорының қызметінде басшылыққа алынады.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімдерімен:

Айжан Болатқызы Шайназарова Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды;

Нұрмұхамед Исманұлы Байғараев Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы лауазымына тағайындалды.

Сіз не дейсіз?

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ, Мәжіліс депутаты, Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі:

БІР ҒАНА ЗАҢМЕН МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

– Биыл құмар ойындар мен бәс тігу қызметтерінің көлемі 40 есеге өскен. Айталық, соңғы екі жылда құмар ойындар нарығы жылжымайтын мүлік нарығын басып озыпты. Ал осы жылдың бірінші жартыжылдығының өзінде ғана халықтың құмар ойындарға жұмсаған шығыны 100 миллиард теңгеден асып жығылған. Оның себебі де жоқ емес. Өйткені қазір елімізде құмар ойындардың жарнамалары кез келген онлайн платформада қолжетімді. Бұл өз кезегінде лудомания дертіне шалдыққан адамдардың қатарын өсіріп, нарықтың осы түрі кеңінен қанат жаюына мүмкіндік беріп отыр. Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында бұл мәселе тағы айтылды. Лудоманияға қарсы күресте алдыңғы кезекте қандай шара қабылданғаны дұрыс? Бұл туралы Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясының Мәжілістегі фракция жетекшісі Елнұр Бейсенбаев не дейді?

(Жалғасы 2-бетте)

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМ ИДЕЯ МЕН ЭМОЦИЯҒА БАҒЫТТАЛҒАН

6 БЕТ

МАҢҒЫСТАУ ТУРИЗМІН ТҮЛЕТУ – ӨЗЕКТІ МІНДЕТ

7 БЕТ

АСТАНА АЛДАҒЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жөнінде есеп берілді.

Президентке барлық негізгі экономикалық көрсеткіш бойынша оң динамика байқалатыны жайында мәлімет берілді. Биылғы 7 айда инвестиция көлемі 9,2 пайызға ұлғайып, 678,5 миллиард теңгеге жетті. Жыл соңына дейін жалпы сомасы 87 миллиард теңге болатын 25 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Оның 15 жобасы өңдеу өнеркәсібі саласында жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысына қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысандар құрылысының барысы туралы баяндалды. Газбен жылыту стансалары мен 3-ЖЭО алдағы жылыту маусымында іске қосылады деп жоспарланып отыр. Олар сағатына 1100 Гкал жылу береді. Бұл елордада жылу энергиясына деген сұранысты артығымен қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Бұдан бөлек, қала әкімі әлеуметтік нысандар салу (мектептер, жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үйлер, медициналық орталықтар), ұзаққа созылған құрылыстарды аяқтау, апатты жағдайдағы және ескі үйлерді бұзу, тұрғын үй алаптарын дамыту, қаланы абаттандыру және көгалдандыру жайында айтты. Сондай-ақ биылғы оқу жылында Астанада 11 мектеп салынатынын, оның төртеуі қазір жұмыс істеп жатқанын жеткізді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 жылдары 90 мыңға жуық оқушыға арналған 24 мектеп салынады. Оның 15-і қарқынды дамып келе жатқан Есіл және Нұра аудандарында бой көтермек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын одан әрі дамытуға, жылыту маусымына дайындығына және абаттандыру жұмыстарына қатысты бірқатар тапсырма берді.

ОРМАНШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевты қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа экологиялық заңнаманы жүзеге асыруға және табиғи ресурстарды сақтауға қатысты бірқатар тапсырма берді.

Президент Ірі кәсіпорындардың шығарындыларын азайту жөніндегі жоспардың іске асырылуын, сондай-ақ осы нысандардағы шығарындыларға мониторинг жасау үшін автоматтандырылған жүйе енгізу ісін ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Мемлекет басшысы министрлікке қарасты ведомстволық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсарту және ұлттық парктердегі орман өрті ошақтарын ерте анықтау жүйелерін тезірек енгізу, сондай-ақ орман шаруашылығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ағаш отырғызуға қатысты ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру және ретсіз пайда болған қоқыс полигондары мәселесін шешудің кешенді тәсілдерін әзірлеу маңызды екеніне назар аударды.

ҰЛТТЫҚ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАЙТА ҚҰРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовті қабылдады.

Кездесу барысында Президент су ресурстарын басқару мәселелері бойынша Орталық Азия елдерімен өзара іс-әрекетті жолға қою маңызды екенін атап өтті.

Министрлікке су шаруашылығы инфрақұрылымдарын кең көлемде жаңғырту, суды есептеу және бөлу жүйесін цифрландыру міндеті жүктелді.

Мемлекет басшысы су ресурстарын тиімсіз пайдалануға және гидротехникалық нысандардың әбден тозуына қатысты мәселелерді шешу үшін жаңа Су кодексін уақытылы қабылдау қажеттігін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық гидрогеологиялық қызметті қайта құру және министрлікке қарасты ұйымдарды трансформациялау жұмыстарын аяқтауды тапсырды.

СУ ЖАҢА МИНИСТРЛІК СУ ПРОБЛЕМАСЫН ШЕШЕ МЕ?

Жер шарының 75 пайызын су алып жатса да әлемде су тапшылығы мәселесі бар. Су ресурсы – бізде де өзекті мәселелердің бірі. Жыл сайын бұл проблема оқтын-оқтын көтеріліп, сала мамандары дабыл қағып жатады. Құрғақшылық «жағадан алса», инфрақұрылымдардың ескілігі «етектен тартады». Трансшекаралық су көздеріне тәуелді мемлекет екендігіміз тағы бар. Демографиялық өсім жыл сайын артып келеді.

4 ▸▸

ДЕПУТАТТАР АГРАРЛЫҚ САЛАҒА АЛАҢДАУЛЫ

Сонымен Мәжілістің VIII шақырылым депутаттары демалыстан шықты. Десе де олардың үш ай жаз құр жатпағанын білеміз. Елі іші, халық арасындағы жұмысы көз алдымызда өтті. Олар тынығып емес, азаматтардың айтқан өтініш, артқан үмітінен қуат алып келді деуге болады. Ал жаңа Жолдау олардың жігерін жани түсті десек, артық айтқандық емес. Ендеше жаңа маусымдағы алғашқы отырысты қысқаша шолып өтелік.

Мәжілістің Жалпы отырысында қарау үшін палата Бюросы күн тәртібіне 10 мәселе ұсынған екен. Олар – Салық кодексіне, автомобильмен жолаушы тасымалдауға қатысты заң жобалары, бірқатар елмен жасалған келісімдерді, конвенцияны және олардың хаттамаларын ратификациялау туралы. Пленарлық отырыстың бұл бөлігі әдеттегідей бірқалыпты дауыс беру процедурасымен өрбіді. Бұдан бұрын Бюро отырысында талқыланғандықтан, ішінара пікір білдірген депутаттар болмаса, бұл құжаттардың жұмысқа қабылдануын да қорытынды әзірленуін де палаталастар бірауыздан қолдап отырды. Одан кейінгі кезек депутаттық сауал жолдау бөліміне келген. Осы күнді ұзақ күткен депутаттар қоғамда қордаланған талап-тілектердің тиегін ағытты. Көпшілігі өздерінің көтеріп отырған мәселелерінде жаңа Жолдауды басшылыққа алғаны бірден байқалады. Сауалдардың дені Үкімет басшысы Әлихан Смайылов пен оның орынбасарлары Роман Скляр мен Тамара Дүйсеноваға, АШМ, ЦДИАӨМ, ҚМ және Бас Прокурор Берік Асыловқа арналды. Бірінші болып сөз алған депутат Ерлан Саиров «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері атынан жолдаған сауалында Ауыл шаруашылығы министрлігін сынға алды.

«Gosagro субсидиялау жүйесі қалыпты режимде жұмыс істемейді. Фермерлер 2020 жылдан бері барлық субсидия түрін уақытында ала алмаған. Бұл оларды жылдық 20 пайызбен қымбат несие алуға мәжбүр етіп, қаржылық жағдайын айтарлықтай нашарлатып отыр. Тек Ақмола облысы бойынша 23 мың өтінімнің 13 мыңы ғана қаралған, ал Жетісу облысы бойынша 1600 диқан пайыздық мөлшерлемені субсидиялау көмегін ала алмай отыр. Осы жылы аграрийлерді қолдауға субсидия өткен жылмен салыстырғанда (426,1 млрд теңге) 5,4%-ға аз бөлінді. Тыңайтқыштарға субсидиялау 23%-ға, пестицидтерге 27%-ға, мал шаруашылығына 21%-ға, бағаны тұрақтандыруға субсидиялау 20%-ға қысқарды. Ауылшаруашылығын субсидиялауға биыл бөлінген қаржы, өткен жылғы қарызды өтеу үшін жұмсалған. Ал биылғы тапсырыс бойынша 124,5 млрд теңге тапшылық пайда болған. Үкімет қосымша қаржы бөлу жөніндегі шешімді әлі қабылдаған жоқ. Мұндай жағдайларда елдің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкін емес», – деді ол.

Ерлан Саировтың айтуынша, бүгінде Ресей Федерациясы сүт өңдеушілерді тоннасына 25 доллар көмек жасайды, ал Қазақстанда тоннасына 5 доллардан аспайды. Келесі жылдан бастап Ресей сүт өнімдерін экспорттаушылар үшін көлік шығындарын 100% субсидиялайды. Ал бізде субсидиялар шектеулі, екінші дәрежедегі банкілер кредиттеу мөлшерлемесі өте жоғары, нәтижесінде қазақстандық өндіріс қысқарып, тоқтатылуда. Агропродукт (Алматы) және Маслодел (СҚО) екі сүт өңдеу ірі кәсіпорны жабылып қалған. 12 құс фабрикасының жұмысы тоқтатылып, Ресей, Беларусь, Өзбекстаннан құс өнімі импорты артып, Қытайдан сапасы күмәнді өнімдер көптеп әкелінуде.

«Ақпан-шілде айларында Ресей және Беларусь шұжық өнімдерінің бағасы Қазақстан нарығында екі есеге төмендеп кетті. Қазақстандық ет кәсіпорындары қоймаларға жұмыс істеуде. Күнбағыс тұқымына экспорттық кеден салығын енгізу нарықтық бағаның 30%-ға төмендеуіне әкелді. Қабылданған шаралар Қазақстанның емес, шет ел өндірушілерінің «пайдасына» жұмыс істеп кетті, май өңдеу зауыттары күнбағысты шет елден тасуда. Мал шаруашылығында да жағдай өте ауыр! Тірі малды әкетуге тыйым салу, ірі қараны экспортты квота жасау шаралары да теріс нәтижелер берді. Ауылда жеке үй шаруашылықтары өздерінің малын өткізуге зар болып қалды. Соның нәтижесінде малға қарап отырған ата-аналар балаларын мектепке дайындауға ақшалары жоқ! Халық нанды қарызға алатын жағдайға жеткен! Қазақстанның астық нарығындағы жағдай да тұрақсыз. Азықтық бидайдың орташа құны өткен жылмен салыстырғанда 1,5-2 есеге арзандап кетті, бұл ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жаппай банкротқа ұшырауына себеп болуы мүмкін. Яғни, еліміздің аграрлық саласы жүйелі дағдарыс алдында тұр!», – деді депутат.

Ал «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев жаз келсе қоғамда теміржол жолаушылары тасымалына қатысты шағым көбейетініне, бұл жылда қайталанатын жағдай екеніне, тасымал сапасының сын көтермейтініне назар аударды. Себебі жолаушылар құрамының көп бөлігі кеңес заманының мұрасы.

«Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, қазіргі уақытта жылжымалы теміржол құрамының паркі 138 мың бірлікті құрайды, орташа тозуы – 55%. Министрлік 2025-2030 жылдар аралығында вагондар паркін жаңартуды жоспарлап отыр. Осы орайда, ескере кететін жайт «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы 1997 жылы құрылды. Яғни, 26 жыл күткеніміз аздай, енді тағы да 7 жыл күтуіміз керек. Күткен үмітіміз ақталатынына, вагондар паркін жаңарту жұмысы тиімді болатынына сеніміміз аз. 2030 жылы қалған вагондар ескіріп, теміржол құрамы паркінің тозуы 55%-дан да асып кетпейтініне кім кепіл?!», – деді депутат.

Одан бөлек, Елнұр Сабыржанұлы билеттер тапшылығымен қатар, бағасының қымбатшылығын да мәселе етіп көтерді. Сондай-ақ, қымбат бағасына сапасы сай келмейтін пойыздардың жиі кешігуін де сынға алды. Министрлік мәліметінше, тек биылғы тамыз айының 11-17 аралығында жолаушылар пойыздарының 50 сағат 40 минутқа кешігіп келуінің 86 жағдайы тіркелген екен. Халық қалаулысы аймақтардағы теміржол вокзалдарының шетелдік компаниялардың басқаруына өтіп кеткеніне назар аударды. Жиында депутаттар сондай-ақ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ын жемқорлық жайлап кеткенін, Агробанк құру мәселесін, жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру жайын мәселе етіп көтеріп, «Қазсушар» кәсіпорнының жұмысындағы кемшіліктерді, шаруалардың өндірген өнімін кепілді түрде сатып алатын жүйе жоқ екендігін, тариф саясаты мен басы артық делдалдар тізбегін сынға алды. Соның ішінде аманаттықтар көтерген кезекті бір мәселе – орман шаруашылығы қызметкерлерінің мардымсыз жалақы алатыны.

«Абай облысында орман өрті болып ондаған азаматымыздан айрылған соң Экология министрі «орманшылардың жалақысы үстіміздегі жылдың 1 шілдесінен бастап өседі» деп ақпарат құралдарынан ақтарылып сөйледі. Күн сайын өмірлерін болмашы жалақы үшін бәйгеге тігіп жүрген мамандар қуанды. Бірақ қуаныштары ұзаққа бармады. Себебі Үкімет бұл саладағы қызметкерлердің тең жартысын «ұмытып кеткен». Атап айтқанда, 1 шілдеден бастап жалақысы өскендердің санатына «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» мекемелердің директоры, директордың орынбасары, орман өртін сөндіру станциясының басшысы, аңтанушы, орманшылық басшылары сынды бірқатар мамандары кірген. Бірақ осы мекемедегі өрт сөндіру станциясының сарбаздары, трактор жүргізуші, автокөлік жүргізуші, өрт сөндіру автокөлігінің жүргізушісі, тұқымбақ жұмысшылары, радио байланыс операторы, автокөлік жөндеуші, ағаш құлатушы, қарауылшық (сторож), кіші қызметкер (техничка), бас есепші, экономист, есепші-кассир, зәңгер, механик, шаруашылық меңгерушісі, кадр маманы, іс жүргізуші лауазымдарындағы қызметкерлердің айлығына көк тиынды қосылмай қалған», – дейді депутат Нартай Аралбайұлы.

Мысалы, БҚО-ғы орман шаруашылығында қызмет ететін өрт сөндірушілер 70 мың теңге айлық алады, одан және салық ұсталады. Алматы облысындағы орманшыларда да осы жағдай. Қазіргі қымбатшылықта бұл ақша түкке де жетпейді. «Орманшылардың жалақысын өсіреміз» деген бастама айналып келгенде ұжымдарды екіге бөліп тастап отыр. Ал Экология министрлігі «жалақысы өспеген мамандарға жергілікті бюджеттен қаржы қарастырылсын» деген уәж айтып отыр. Бірақ жергілікті бюджетте аталған мақсатқа қаржы қаралмаған. Одан бөлек, орман шаруашылығындағы техникалар әбден тозған. Тракторлар жүрмейді, көліктер баяғыда темір-терсекке айналған. Осы ретте депутаттар бірқатар ұсыныс беріп отыр.

«Біріншіден, орман шаруалығындағы қызметкерлерді бөліп-жармай, еліміз бойынша «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» мекемелерде қызмет ететін мамандардың бәрінің айлығын дереу 100 процентке көтеру керек. Бұл «AMANAT» фракциясы депутаттарының ұстанымы. Екіншіден, орманшыларға қажетті материалдық-техникалық базаны 100 процентке жаңарту керек. Экология министрлігі бұл шаруаны тек 2027 жылы іске асырамыз деген. Бірақ 2020 жылы Қазақстан Республикасының Президенті «5 жыл ішінде 2 млрд түп ағаш отырғызу» бойынша тапсырма бергенін ескерсек, орманшылар аталған аумақтарды тілсіз жаудан немен қорғайды? Үшіншіден, орман отырғызу жұмыстарын науқаншылықпен бастап кетпей, алдымен топырақтың жарамдылығын тексеретін ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу қажет. Мәселен, БҚО-да 1 мыңнан астам гектарға орман отырғызылады делінген, бірақ тексеру барысында ол жерлердің бестен бірі орман отырғызуға мүлдем жарамсыз екені анықталған. Бұл мәселе еліміздің барлық аймағына қатысты», – деді депутат Жанарбек Әшімжанов.

Жиында сондай-ақ балаларды дамыту, жастарды баспанамен қамту, «Көлсай» көлдерінің жағдайы, Ұлытау облысындағы көмір тапшылығы, ұлттық әл-ауқат қоры мен ұлттық компаниялардың бюджетке берілетін дивиденттері туралы сөз болды. Ал Бас Прокурор Берік Асыловқа сауал жолдаған аманаттық депутаттар Ақмола облысы Егіндікөл ауданы тұрғындары жарты жылдан бері ауызсусыз отырғанын жеткізді. «Нұра топтық су құбыры» РМК-ға қарайтын бұл құрылым 90%-ға тозған. Сондықтан ол арқылы жіберілген судың 80%-ы ысырап болып отыр. Ауданда 25 мамырдан бастап жергілікті техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланғанымен, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетіне қарасты аталған РМК осы уақыт бойы мүлдем әрекет етпей отыр.

Қалай болғанда да, кезекті сессияның алғашқы отырысы көтерген проблемалардан Үкіметтің белі қайысады деуге болады. Бірақ бұл басы ғана. Ендеше Мәжіліске тың күшпен келген депутаттардың арынын жаңа тыныс боп қосылған министрлері бар Үкімет ілгерілете түсеріне сенім де жоқ емес... Жаңарған құрам жаңғырған маусым болғай!

Нұрлан ҚОСАЙ

Сіз не дейсіз?

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ, Мәжіліс депутаты, Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі

БІР ҒАНА ЗАҢМЕН МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

(Басы 1-бетте)

– Бүгінде лицензия алған ойын канторларының ашықтан ашық жұмыс істеуіне заңымыздың өзі мүмкіндік беріп отыр. «Ойын бизнесі туралы» заң құмар ойындардың заңдылығын реттеуді ғана міндеттейді. Яғни, мемлекеттен жасырып заңсыз құмар ойындарын салуға тыйым салынады, бірақ олардың «кәсібін» көпшілікке қандай жолмен жарнамалап жатқанына жауапкершілік алмайды. Олардың бұл әрекетіне тосқауыл қою үшін заңға қандай өзгеріс енгізу керек?

– Қазақстанда қанша адамның лудоман екені туралы әзірге нақты статистика жоқ. Дегенмен сала мамандарының жасаған ресми статистикасына сүйенсек, әрбір бесінші жастың құмар ойын ойнайтыны белгілі. Егер елімізде 5 миллиондай жас азамат бар деп есептесек, онда олардың бір миллионы құмар ойынның жетегінде жүр.

Өзіңіз де айтып отырғандай, 2023 жылдың бірінші 4 айлығының қорытындысы бойынша осы букмекерлік кеңселердің айналымында 100 млрд теңгеден астам қаражат болған. Ал 1,5 жылды алатын болсақ, айналымдағы ақша 1 трлн теңгеден асқан. Бұл өте көп сома. Сонда елімізде 1 миллиондай адам құмар ойын ойнайды деп есептесек, онда әрқайсысы орта есеппен 1 миллион теңгесін осы ойынға салады деген сөз.

Былтыр жетінші шақырылымдағы Мәжіліс депутаттары лудоманияға қарсы заң жобасын әзірледік. Биыл осы қыркүйек-қазан айларында Мәжіліс депутаттарының қарауына шығарамыз. Бұл заң жобасы ойын бизнесінің жарнамасын шектеуге, лудомандардың ойнауына кедергі жасауға бағытталған. Бұдан бөлек, еліміздің әрбір өңірінде лудомандарды «емдейтін» жекеменшік орталықтар жұмыс істейді және психологтар көмек көрсетеді.

– Біздің елдегі түрлі халықаралық және спорттық жарыстарға букмекерлік кеңселер демеушілік көрсетіп отыр. Тіпті, футболдың ресми серіктесі ретінде-ақ өз мақсаттарын жүз пайыз жүзеге асырады десек болады. Мұны құзырлы орындар олардың салық төлеуімен байланыстырады. Салық үшін ұлт саулығына салғырт қарау қаншалықты дұрыс?

– Әрине, бұл дұрыс емес. Бұл сөзге дәлел сол, Мемлекеттік кірістер комитетінің деректеріне сәйкес, былтыр ойын бизнесін ұйымдастырушылардың салық аударымдары 109 миллиард теңгеге жеткен. Ал осы ойын-құмарлықтан зардап шеккен бір науқасты лудоманиядан емдеу курсы орта есеппен 400 мың теңгедей болады. Елде осындай 350 мыңға жуық адам бар екенін ескерсек, оларды емдеуге жұмсалатын шығындар 140 миллиард теңгеге жетеді екен. Яғни осындай құмар ойынға қызыққан бір адамды емдеуге кемінде 5 ай уақыт кетсе, емінің өзіне айына 600-700 мың теңге жұмсалатын көрінеді. Қарап отырсаңыз, құмар ойындардың көрігін қыздырып отырғандар қаншама адамның өміріне балта шауып, өмірмен қош айтысуына себеп болады. Оның сыртында қазақстандықтардың арасында букмекерлік кеңселер мен казиноларға, ойын үшін кредит алғандардың банк алдындағы берешегі тағы бар. Сондықтан бұл жерде букмекерлік кеңселер ұтқанмен, мемлекет ұтылып отыр.

Жаңа айтып отырған заң жобасы негізінен ойын бизнесімен айналысатындардың, әсіресе букмекерлік кеңселердің жұмысына барынша шектеу қоюға бағытталған. Солардың негізгілеріне тоқталып өтсем, букмекерлер мен тотализаторлар жарнамасын шектеуге байланысты болып отыр. Атап айтқанда, ғимараттардың қасбетіне, көлік құралдарына жарнама ілуге, сондай-ақ, БАҚ-та, интернет-ресурстарда, ТВ мен радиода, тұрақты басылым беттерінде, кино және видео өнімдерде, анықтамалық қызмет көрсету сервистерінде жарнамалауға толық тыйым салу қажет. Екінші, 21 жасқа толмаған азаматтарды құмар ойын ойнауға тартқан немесе ойнауға мүмкіндік жасаған заңды тұлғаларды әкімшілік жазаға тарту көзделеді. Үшіншіден, несиелік берешегі бар жеке тұлғалардың құмар ойын ойнауына толық тыйым салу ұсынылып отыр. Төртіншісі – интернет-казино ұйымдастырғандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту болса, бесіншісі – балалар ұйымы, білім беру, денсаулық сақтау, мәдени және діни ұйымдар орналасқан ғимараттар мен тұрғын үйлерде лотерея таратуға немесе лотерея терминалдарын орналастыруға тыйым салу қарастырылмақ. Алтыншыдан, жұмыс істеуіне сотпен тыйым салынған шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың тізімін жасау және олардың пайдасына қаржылық операция жүргізуге банктер мен төлем жүйелеріне тыйым салуға тиіспіз. Бұдан кейін букмекерлік кеңселер мен тотализаторлар арқылы ойын бизнесін ұйымдастырушыларды өз аппараттары мен бағдарламалық жүйелерін мемлекеттік кіріс органдарының ақпараттық жүйесімен интеграциялауды міндеттеу маңызды.

– Президент құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырды. Күрес неден басталу керек деп ойлайсыз?

– Алдымен құмар ойындарға қатысты қолданыстағы құжатты қатайту керек. Бұл заң қолданысқа енсе, құмар ойын ойнайтындардың қатары біршама азаяды. Бірақ бір нәрсені ескеру керек, бұл тұста біздің алдымызда нақты KPI жоқ: 50 пайыз немесе 60 пайызға дейін азайтамыз деген. Біз – «AMANAT» депутаттары, бұл дерттің тамырына түбегейлі балта шапқымыз келеді.

– Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиістігі айтылды. Түсіндіру жұмысы қаншалықты септігін тигізе алады деп ойлайсыз?

– Лудомания – расымен де өте проблемалық мәселе болып тұр. Тіпті, Президенттің өзі кеше Жолдауында бұл туралы айтты. Оны мен күресті тек Мәжіліс депутаттары жүргізбеуі керек, біз қоғам болып күресуіміз керек. Бір ғана заңмен мәселе шешілмейді.

Өзіңіз білесіз, адамдар аяқ тартады деген үмітпен темекімен күресу үшін оның қорабының сыртына никотиннен болатын түрлі аурулардың фотосын жабыстырып шығарып жатыр. Бұл тәсіл расымен де нәтиже беріп жатыр. Сана-сезімі бар адамға бұл да болса ой саларлық дүние. Ендеше біз де осы лудоманияның құрбаны болған адамдардың тағдыры туралы түрлі роликтер, мақалаларды БАҚ-та жариялауымыз қажет, әлеуметтік желі арқылы жиі көрсете беруіміз керек. Құмар ойын салдарынан қазір өте қайғылы жағдайлар жиі болып жатыр. Бәлкім қазір ойнап жүргендер қойып кетпесе де, жаңа лудомандар пайда болмайды. Яғни, проблеманың одан әрі ушығуына жол бермеу керек.

Сұхбаттасқан
Жадыра МҮСІЛІМ

Пікір

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ, Мәжіліс депутаты:

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ АЙҚЫН

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында бүкіл әлемде бұрын-соңды болмаған қаржылық-экономикалық қиындықтармен байланыстыра отырып, елдің экономикалық дамуы бағыттарына басымдық берді. Осыған дейін қабылданған маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен саяси құжаттардың жалғасы десек болады.

Президент ел мен қоғамды алаңдатқан мәселелерді дөп басты.

Атап өтетін болсақ, отандық өндірісті дамыту, инфрақұрылым мәселелерін шешу, халықтың қарыз жүктемесін азайту, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік қолдау, Салық және Бюджет кодекстері қабылдау, сонымен қатар цифрландыру, ғылым мен технологияны дамыту бағыттарына тоқталды.

Шынында халық Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауынан уақыт тудырған шақыруларға жауап беретін жаңашылдық күтетіні белгілі.

Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің су ресурстары мәселесі бойынша шынайы көрініс айта келе, Қазақстанда Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылатын айтты. Сондай-ақ жаңа құрылым алдында қандай міндеттер тұрғанын атап кетті.

Су шаруашылығы саласын реттеу мәселесі елімізде аса өзекті. Соның ішінде Қызылорда облысы үшін өте маңызды. Өйткені Сыр өңірінде халықпен кездесу барысында басым бөлігі осы су мәселесін көтереді.

Ал «Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – бұл стратегиялық міндет. Үш жыл ішінде оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі кемінде 9 пайызға жетуге тиіс. Ол үшін саланы тиімді басқару өте маңызды. Сондықтан Көлік министрлігін қайта құрған жөн. Бұл министрлік жол инфрақұрылымын салумен де айналысады», – деді Президент.

Қазақстан жаңа халықаралық көлік артерияларын құруды мақсат етіп қойды. Ол үшін көліктік-логистикалық инфрақұрылым мәселелерін шешу керек.

Сонымен қатар Президент өткен Жолдауында біздің елде шикізаттық синдром бар деген болатын. Сол синдромды жеңу – өндірісті күшейту. 2027 жылға дейін еуропалық стандартқа сәйкес 4 мың шақырым жол салу туралы айтты. Жол жақсы болса, экономиканың басты қозғаушы күші – қарым-қатынас жақсаратыны сөзсіз.

Мемлекет басшысы аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын беру қажеттігіне тоқталды. Бұл, ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет екенін айтты.

Алдыңғы сессияда «Қызылорда – Ақтөбе» бағытындағы автожол мәселесі және аудан әкімдерінің маңызды өкілеттіктерін сақтау бойынша нақты іс-шараларды қабылдау қажеттігі туралы депутаттық сауалдарымды жолдаған болатынмын. Мені сайлаған аймақтың сұраныстары бүгінгі Жолдауда көрініс тауып жатыр. Бұл Жолдау өңірлерде сайлаушылар тарапынан қозғалған проблемалармен үндес келіп жатыр.

Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне де тоқталып, елімізде орта кәсіпкерлік саласының даму қарқыны баяу екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы үкіметке шағын бизнесті өзара бірігіп, ірі кәсіп иелері болуға ынталандыру үшін заңға өзгерістер енгізуі керектігін тапсырды. Нарықта белсенді жұмыс істеп жатқан табысты орта кәсіпорындар көп емес. Сондықтан оларға нақты қолдау көрсету керектігін айтты. Орта кәсіпорындардың әрқайсысына қатысты нақты жоспар әзірлеуді тапсырды.

Жалпы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: бұл Жолдауды еліміздің әр азаматы үлкен сенімнен тыңдағанына сенімдімін. Өйткені Жолдау еліміздің ертеңі мен ұрпағымыздың болашағына деген баға жетпес бағдар деп санаймын.

ЕСЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ ЕСЕБІ

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалы кезекті есеп беру-сайлау конференциясын өткізіп, 2021-2022 жылдардағы жұмыс барысын қорытындылады. Алқалы жиынға «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Парламент Мәжілісіндегі фракция мүшесі Мархабат Жайымбетов, партия филиалының Саяси кеңесі мен Саяси кеңес бюросы мүшелері және аумақтық партия филиалдарынан сайланған 249 делегат қатысты.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Конференцияда облыстық партия филиалының төрағасы Наурызбай Байқадамов биылғы атқарылған жұмыстарды кеңінен жеткізді. Қазір «AMANAT» партиясының Қызылорда облысында 1 аймақтық, 9 аумақтық филиалы, 241 бастауыш ұйымы, 45 мыңға жуық мүшесі және мыңдаған жақтасы бар. Биылғы есеп беру-сайлау кезеңінде өңірден 78 немесе 47,9 пайыз бастауыш партия ұйымының жетекшілері жаңадан сайланды. Соңғы сайлау қорытындысымен барлық мәслихаттағы орынның 79,6 пайызын иеленуде. Жалпы, есепті мерзімде партияның 1 облыстық, 1 қалалық және 7 аудандық сайлауалды бағдарламасы бойынша жоспарланған 1 499 іс-шараның 97 пайызы орындалған.

«Негізінен, өңірде бағдарлама аясында балабақшалар желісінің өсуі нәтижесінде 2-6 жастағы балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылуы 88,8 пайызға артса, 3-6 жастағы балалардың қамтылуы 100 пайызға жеткен. Сондай-ақ тұрғындарының көгілдір отынды пайдалану деңгейі 70 пайызды құрайды. Оның ішінде қалалық тұрғындар 100, ауыл тұрғындары 50 пайыз газ тұтынады. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 75 пайызға артады деп күтілуде. Жол мәселесінде де жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл тұрғыда өңірдегі нормативтік жағдайдағы жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі 82 пайызға тең. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 87,5 пайызға артады деп күтілуде. Облыс тұрғындарының орталықтандырылған ауызсумен қамтылу деңгейі 98,1 пайызды құрайды. 2025 жылы бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізетін боламыз. Негізінен, халықтың әртүрлі тобымен жұмыс істеуде бұрыннан жүзеге асырылып келе жатқан партиялық жобалармен қатар жаңа жобалардың іске қосылуы да қоғамдағы түрлі өзекті мәселені шешуге септігін тигізіп отыр», – дейді партияның облыстық филиалының төрағасы Наурызбай Байқадамов.

Есепті мерзімде партияның қоғамдық қабылдау бөлмелеріне тұрғындардан 8 005 өтініш түскен. Нәтижесінде, олардың 64,2 пайызы оңтайлы шешімін тапқан. Соның ішінде 3 мыңға жуық өтінішке заң тұрғысынан тиісті түсіндірмелер мен құқықтық кеңестер беріліп, 35 ауылда мобильді қабылдаулар өткен. Мобильді қабылдауда көтерілген 579 мәселенің 43,3 пайызы шешіліпті. Сол сияқты биылға жоспарланған 16 қабылдаудың 8-і өтіп, оларда 96 тұрғынның 29 сұрағы қанағаттандырылған.

Сонымен қатар «Ауыл аманаты» жобасы бойынша облысқа биыл 3 млрд теңге бөлініп, 600 микрокредит беру және 636 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Бүгінгі күнге 199 млн теңгені құрайтын 30 жобаға несие берілген. Сонымен қатар «Жер аманаты» жобасы бойынша көлемі 157,1 мың гектар болатын 256 жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтарылған. Биыл 200 мың гектар жерді қайтару жоспарланып, меже 69 пайызға орындалып отыр. Ал «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында 742 әлеуметтік нысанның мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін бейімделуіне мониторинг жасалып, нәтижесінде 314 нысанға қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Жиында Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов партияның облыстық филиалы Саяси кеңесінің есепті кезеңде атқарған жұмыстарына оң бағасын берді.

«Мен есепте айтылған жұмыстарды кеше ғана ауыл-аймақтарды аралап, көзбен көрдім. Халықпен тікелей тілдесіп, жағдаймен таныстым. Онда көтерілген мәселелер партияның алға қойған міндеттерінде көрініс тапқан. Енді сайлауалды уәделердің уақытылы және сапалы орындалуына Мәжілістен бастап барлық деңгейдегі мәслихаттардағы фракция мүшелері, партия филиалдары мен бастауыш ұйымдары бір кісідей күш салуымыз қажет», – деді депутат.

Өз кезегінде қалалық мәслихаттағы депутаттық фракцияның жетекшісі Талғат Мақашов, партияның Жалағаш аудандық филиалына қарасты «Қаракеткен» бастауыш партия ұйымының төрайымы Мирамкүл Жүсіпова мен Қазалы аудандық «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Нұрбек Ақпанбетовтер ұсыныс-пікірлерін білдірді.

«AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсарту мен партия жұмысын күшейту бағытындағы алдағы мақсат-міндеттерді атап өтті. Конференция барысында партияның облыстық филиалы Саяси кеңесінің және бақылау-тексеру комиссиясының жаңа құрамы сайланып, алдағы жұмыстар пысықталды.

Қызылорда облысы

ІСКЕРЛІКТІ ШЫҢДАЙТЫН ҮШ ЖЫЛ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы – көптің көкейінде жүрген көптеген сауалға жауап берген саяси және әлеуметтік маңызы бар стратегиялық құнды жоспар. Олай деуімізге негіз де жоқ емес. Жолдауды тағы бір қарап, қайталап оқығанда түйгенім, еліміздің жаңару мен жаңғыру жолында еңсесін тік ұстап, қарқынды адымдап іс-әрекет жасауға толық мүмкіншілігі бар деуге болады. Мемлекетімізде кенжелеп қалған кейбір салаларды түрлендіріп, жетілдіруге бағытталған Жолдауда айтылған Президент тапсырмасы санаға сілкініс сыйлады.

Соның бірі – отандық туризм. Осы бағытта 15 ірі жобаны дайындауды тапсырған Мемлекет басшысы алысты аңдап, болашақты болжап отыр. Себебі еліміздің табиғаты тамаша, тарихы терең. Туристік нысанға айналдыруға әбден лайық орындары жетерлік. Алыс-жақын шет мемлекеттердің кейбірі тек туризмнен түскен қаржының есебінен бюджетін түгелдеп отырғанын ескерсек, Қазақстанның да туризмді дамытуға мүмкіндігі мол.

Қаныш Сәтбаевтан бері жалғасып келе жатқан тау-кен ісі, геология ғылымының соңғы кезде тоқырап қалғаны жасырын емес. Осыны ескерген Қ.Тоқаев жаңа қазба байлықтар кенін тауып, кеңейтуді тапсырды. Қойнауы қазынаға толы даламыз бен тауымыздың сырын ұққанға, тілін білгенге берері ұшан-теңіз. Бұл ретте осы сала ғалымдарына артылар жауапкершіліктің салмағы орасан. Жер астындағы қазба байлықтарымызды шикізат күйінде сатып, шетелден оның өңделген түрін бірнеше есе қымбат бағаға сатып алудың тиімсіздігін уақыт көрсетіп отыр. Ендеше өнімді өңдеу және өндіру – кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Көрші елдерде болып жатқан геосаяси жағдайлар, түрлі қақтығыс пен дау-дамай қазаққа етек-жеңін жиып, қымтану қажеттігін тағы бір еске салғандай. Елімізде болған орман өрті, су тасқыны сынды табиғи апаттар да ойландырмай тұрмайды. Қазақта «ауруын жасырған өледі» деген сөз бар. Бәрі жақсы, бәрі керемет дегеннен ешкімнің маңдайы жарқырап, жұлдызы жанбасына отыз жылда көз жетті. Ауыл шаруашылығын дамыту, отандық өнімді өндіру, оны қолдау – мемлекеттік деңгейде қадағаланып, жіті бақылауда болатыны да көңілге қуаныш сыйлады. Ауылдағы қарапайым шаруаның жанайқайы биліктің мінберінен қозғалып, Президент назарында болуы көп жайды аңғартады. Біле білсек, бұл қарапайым шаруаның ғана мәселесінің көтерілуі емес, ауыл шаруашылығының дамуына кедергі келтіріп отырған барлық келеңсіздікке қарсы үлкен күш деп білемін. Қажетті техникалардың жаңартылуы, соған сай мамандардың сұранысқа ие болуы жұмыссыздықты да шешуге оң ықпал етері сөзсіз.

Цифрлы сауаттылықты арттыру, цифрлы Қазақстан, сандық технология туралы ұғымдар өткен онжылдықтың еншісінде қалып, енді жасанды интеллект ұғымы белсенді қолданылуда. Тіпті, жасанды интеллектті меңгерген адамның әлеуеті өзгелерге қарағанда әлдеқайда артық және қоғамға пайдалы болатыны да ашық айтылып, жазылып жүр. Президент Жолдауындағы «Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланса, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек» деген жолдар біздің ұжымға тың идеялар туғызды. Бұл тұрғыда арнайы жоба дайындауды бастап кеттік.

Егеменді еліміздің іргесі бекем, шекарасы мығым болуы әркез қырағылықты ғана емес, қорғаныс техникаларының заманауи талапқа сай жаңарып, жабдықталуын да талап етеді. Осы ретте Мемлекет басшысының қорғаныс техникаларын жаңартуға қатысты тапсырмасы айбынды армиямызды қуатты күшке айналдырады деп санаймын. Қорғаныс мәселесін өз деңгейінде заман талабына сай талқылайтын уақыт жетті. Бұл мәселеге үлкен мән беру керек, әйтпесе біз кешігеміз.

Газбен қамтамасыз ету жұмыстарының қарқынды жалғасуы халықтың әлеуметтік жағдайын одан әрі жақсартып, тұрмысын оңалтады. Соңғы жылдардағы көмір тапшылығынан туындаған оның бағасының өсуі халықтың қалтасына оңай түспей тұр. Сондықтан барлық елді мекенді газбен қамтамасыз ету маңызды.

Қазақ әуел бастан суды ысырап етпеген. Оны үнемдеп жұмсап, суға қатысты түрлі ырым-тыйымды, адам сенгісіз аңыз-әңгімелерді шығарған. Мұның барлығы көшпенді халықтың судың киесі бар деп ұғынуынан туған. Бүгінде Орталық Азия халықтарының ортақ мәселесіне айналып отырған су тапшылығы жыл өткен сайын айқын анғарыла бастады. Суды үнемдеп жұмсауға қатысты отбасы тәрбиесінен бастап балабақша, мектеп қабырғасында тұрақты түрде айтылып, жұмыс жүргізілуі тиіс. Президенттің суды шектен тыс жұмсайтындар үшін арнайы тарифті енгізу туралы ұсынысын қолдаймын.

Атом электр стансасын салуға қатысты екіұдай пікір толастамай тұр. Осыған қатысты Президенттің референдум өткізу арқылы анықтауды ұсынғаны оңтайлы шешім болды деп есептеймін. Халықтың үнін еститін мемлекет АЭС салуға қатысты шешімін халықтың таңдауы арқылы жасайтын болады.

Екі жаңа министрліктің құрылып, бірнеше министрдің ауысуы да даму жолындағы Қазақстан үшін саяси маңызға ие дұрыс шешім болды. Үш жыл – жаңаша даму үлгісіне көшу мерзімі. Қас-қағым сәт. Олай болса, білек сыбанып нақты іске кірісейік!

Оңалбай АЯШЕВ,
ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы,
Тәшенов университеті директорлар кеңесінің төрағасы

СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАЛАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ



Жатақханалардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеру мақсатында «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанаты республика бойынша ЖОО және техникалық, кәсіптік білім беру мекемелеріне қоғамдық мониторинг жүргізіп жатыр.

«AMANAT» партиясының Мәжіліс және мәслихат депутаттары жастар ұйымымен елордадағы Esil университеті мен Қазтұтынуодағының жоғары колледжінің жатақханаларына барды.

Esil университетінің студенттер үйі 3 қабаттан тұрады, жоба бойынша 194 орынға есептелген. Студенттер жатақханада тұру үшін айына 20 мың теңге төлейді.

«Қазір студенттер үйінде тұруға 200-ден астам өтінім келіп түсті. 26 тамызда жатақханада орын бөлу жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Ал 28 тамызда студенттер кіріп, жайғасты. 2022-2023 оқу жылында 154 студент болған. Әр бөлменің аумағы 18 шаршы метрді құрайды және 3 студенттен тұрады. 1-қабатта ұлдар, 2-қабатта қыздар орналасады. Ал 3-қабатта жоғары курстың студенттері жайғасады», – деді ЖОО ректоры Аяпберген Таубаев.

Оның айтуынша, одан бөлек шетелдік магистранттар мен докторанттар отбасымен тұра алатын бөлмелер де қарастырылған. Айына 30 мың теңге төлейді.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов қазір елордадағы жатақханаларда 16 мыңға жуық орын тапшы дейді.

«Жаңа оқу жылы басталарда қашанда университет және колледж студенттері жатақханаларының жағдайы алаңдатады. Сондықтан партия Төрағасы Ерлан Қошановтың тапсырмасына сәйкес, 2 аптадан бері барлық жергілікті мәслихат партия филиалдарымен бірлесіп, оқу мекемелеріне мониторинг жүргізіп жатыр. Астанада 16 ЖОО, 30-дан астам колледж бар. Барлығында 100 мыңнан астам студент оқиды. Айта кетейік, қазір қалада 15 800 орын жетіспейді. Тапшылық бар», – деді ол.

Депутат елорда әкімі Жеңіс Қасымбектің тапсырмасы бойынша Жастар саясаты мәселелері басқармасының жобалық кеңсе құрылғанын атап өтті. Бұл арқылы оқу орындары жеке инвесторларды тартып, жатақхана салуға жер алуды қолға алып отыр.

«Қазір 30 инвестордың арқасында 6 ЖОО-ға жер бөлінді. Ол жерде салынатын жатақхана 12 мың орынның тапшылығын жабады. 1-1,5 жыл уақытта бітеді деп жоспарлануда. Жердің жобалау жоспарына түзетулер енгізілген соң құрылысы басталады. Ал қазір қолда бар жатақханалардың жағдайын, жарамдылығын, қолайлығын қарап жүрміз. Нәтижесінде, талдау жүргізіп, қанша жатақханаға жөндеу жұмысы, қосымша жабдықтар керегін білім мекемесінің басшылығына жібереміз», – деді Е.Каналимов.

Қазтұтынуодағының жоғары колледжінің жатақханасы 5 қабатты ғимараттың төртінші және бесінші қабатында орналасқан. Астана қаласы «Жастар Рухы» жастар қанатының елордалық филиалының төрағасы Арсланбек Мағзұм аталмыш студенттер үйінде бірқатар олқылық кездескенін айтты.

«Барлық жатақхананың жағдайы көңілден шығады деп айта алмаймыз. Кемшіліктер болса, біз оларға ескертеміз. Бір аптаның ішінде кемшіліктерді түзеуі тиіс. Бұл колледждің басшылығымен де әңгімелестік. Ескертулермен жұмыс істеп, жоюға уәде берді», – деді ол.

СУ ЖАҢА МИНИСТРЛІК СУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕ МЕ?

Жер шарының 75 пайызын су алып жатса да әлемде су тапшылығы мәселесі бар. Су ресурсы – өзекті мәселелердің бірі. Жыл сайын бұл проблема оқтын-оқтын көтеріліп, сала мамандары дабыл қағып жатады. Құрғақшылық «жағадан алса», инфрақұрылымдардың ескілігі «етектен тартады». Трансшекаралық су көздеріне тәуелді мемлекет екеніміз тағы бар. Демографиялық өсім жыл сайын артып келеді. Мамандар 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 млрд текше метрге жетуі мүмкін екенін айтады. Осындай қордаланған мәселелер су саласына айрықша көңіл бөлуді қажет етіп келеді. Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысындағы Қазақстан халқына Жолдауында су мәселесіне ерекше назар аударып, Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылатыны туралы айтқан болатын. Ендеше «су жаңа» министрліктің алдында қандай міндеттер тұр? Еліміздегі су тапшылығы жуық арада шешіле ме? Осы сұрақтар төңірегінде жауап іздеп көрдік.

Елдар КАБА (коллаж)

Наурызбек САРША

Президент Жолдауында шаруалар мен өнеркәсіп өкілдеріне суға қатысты сапалы сараптамалар мен болжамдар керек екенін, бұл талдаулар әр жылы және орта мерзімді кезеңде судың мөлшері қандай болатынын да қамтуы қажет екенін жеткізген болатын. Сонымен қатар суды үнемдейтін технология өте баяу енгізіліп жатқанына, суды шақтап пайдалану мәдениеті де жоқ екеніне тоқталған Мемлекет басшысы еліміздің кейбір өңірлерінде суды ең көп жұмсайтын ауыл шаруашылығы саласында оның 40 пайызы босқа ысырап болып жатқанын, ал су шаруашылығы нысандарының 60 пайызы тозып тұрғанын атап өтті. Осы мәселелерді шешу жолында 2027 жылға қарай қосымша 2 текше шақырым суға қол жеткізу керек екенін де баса айтқан болатын. «Министрліктің аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ еліміздің су шаруашылығын басқару жүйесіне түгел реформа жасалады. «Қазсушар», «Нұра топтық су құбыры» және басқа да негізгі компанияларда өзгеріс болады», – деді Мемлекет басшысы.

Осы Жолдауда жарияланған су реформасы, берілген тапсырмаларының орындалуы туралы Үкімет отырысында Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Ғалидолла Азидуллин баяндама жасады. Айтуынша, ведомство су шаруашылығы проблемаларын шешу жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

«Қазақстандағы орташа көпжылдық өзен ресурстары жылына 102,3 текше шақырымды құрайды, оның 54,5 текше шақырымы / жыл – жергілікті ағын, ал 47,8 текше шақырымы/жыл Орталық Азия мемлекеттерінен, Ресей Федерациясынан және Қытай Халық Республикасынан келеді. Осыған байланысты трансшекаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс күшейтілетін болады. Президенттің 15 қолданыстағы және жаңа 20 су қоймасын салу, кемінде 3 500 шақырым каналды жаңғырту және цифрландыру туралы тапсырмасын орындау мақсатында «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы шеңберінде 2025 жылға дейін 16 жаңа су қоймасы қайта жаңартылып, 9 жаңа су қоймасы салынады, 212 суару каналы жөнделіп, цифрландырылады. Осы бағыттар бойынша одан әрі жұмыс су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы шеңберінде жалғастырылатын болады», – деді вице-министр өз сөзінде.

«Мемлекет басшысы өз Жолдауында жылына 150 мың гектарға дейін озық су үнемдеу технологияларын енгізу қажеттігін атап өтті. Су үнемдеу технологиялары қолданылатын аумақты 2023 жылы 300 мың гектарға, 2025 жылы 450 мың гектарға, 2030 жылға қарай 750 мың гектарға жеткізу жоспарланған. Тиісінше, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі бағдарламалық құжаттың қолданыстағы жоспарларын қайта қарау қажет болады. Су кодексінің жобасында «ауызсумен жабдықтау туралы», «суару және дренаж туралы» және «бөгеттердің қауіпсіздігі туралы» бөлімдерді қосу арқылы коммуналдық-тұрмыстық сумен жабдықтауда және Суармалы егіншілікте суды пайдалану жөніндегі нормаларды күшейту жоспарлануда. Бұл ретте бөгеттердің қауіпсіздігін бақылауды өнеркәсіптік қауіпсіздік органына жүктеу ұсынылады», – деп атап өтті вице-министр. Сондай-ақ вице-министр «Қазсушар» РМК және «Нұра топтық су құбыры» трансформациясы оларды Qazsu АҚ-ға айналдыру жолымен жүргізілетінін хабарлады.

«Кәсіпорындарға экологиялық аудит жүргізу бөлігінде 5 жылда бір рет қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі мақсаттарды қамтамасыз ету үшін жыл сайынғы CO2 шығарындыларын 2,5 пайызға дейін қысқарту мөлшерлемесімен парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесі жетілдірілетін болады, бұл жүйені шығарындылар саудасының еуропалық жүйесімен жақындастыру жоспарлануда. Осы бағыттағы жұмыс өте маңызды және декарбонизация мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді», – деп қорытындылады Ғалидолла Азидуллин.

Жаңа министрлік су тапшылығы мәселелері, еліміздегі ескірген немесе жұмыс істемей тұрған су қоймаларын қалпына келтіру, суды тиімді пайдалану мәселелерімен тікелей айналысады деп күтілуде. Нақты бір бағытта жұмыс істесе, аграрлық сектордың, ауыл шаруашылығының, өндірістік саланы дамуына әсері зор екені де айтылып келеді.

Су министрлігінің құрылуын қолдағандардың, құрылғанын естіп қуанғандардың қарасы көп. Бірақ ведомство төңірегіне сала мамандары жиналса деген тілектерін жасырмайды. Соның бірі – Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясының бас маманы Әмірхан Кеншімов. Ол алдымен сонау кездегі Су министрлігінің тарихынан бастады.

«Совет кезінде Су шаруашылығы және мелиорация министрлігі болды. Ол дегеніңіз – суды өзеннен алып егістікте пайдалануға дейінгі міндетті бір орган басқарды деген сөз. Кейін Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұл орган Су ресурстары Мемлекеттік комитеті болып қайта құрылды да, тек суды алып шаруашылықтарға жеткізіп беруге ғана міндетті болды. Бірақ мұның ғұмыры да ұзақ болмады. 1995 жылы суға құзырлы орган жай ғана комитет болып қалды да, біресе Ауыл шаруашылығы, біресе Экология министрліктеріне бағынып отырды. Су саласы өз отауы болмағаннан кейін құлдырады, жетім баланың күйін кешті», – дейді ол. Сондай-ақ оның сөзінше, министрліктерден комитетке куратор болып талай вице-министр жұмыс істеген. Бірақ барлығы дерлік су маманы болмағандықтан комитеттің мүдделерін не министрдің алдында не Үкіметтің алдында қорғай алмаған. Осылайша, су шаруашылығы құлдыраған үстіне құлдырай берген.

«Құрғақшылық, міне, бесінші жылға созылып келеді. Биыл ерекше құрғақ жыл болды. Көктемгі үміт ақталмады. Әсіресе, Шу мен Талас бойынша. Егер су саласына дұрыс көңіл бөлгенде, судың өз отауы болғанда, мамандарды уақытылы сапалы дайындағанда, тап осы жағдай болмас еді. «Министрлік керек» деп сан мәрте айтылды. Тыңдайтын құлақ болмады. Президентке жазылған талай хат оның аппаратынан Президентке жетпей қайтып жатты. Әрине, ештен кеш жақсы. Мамандардың айтуы, шаруалардың зары биыл Президенттің құлағына жетті. Міне, көптен күткен күн де келді. Осы күнді қанша күттік», – дейді Әмірхан Қадірбекұлы.

Бас маман ендігі үміт министр болып нағыз маман тағайындалса, бармақ басты, көз қысты болмаса екен дейді. Ал Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының ассистенті Бауыржан Баглай Су министрлігінің құрылу маңызына тоқталды.

«Әлемдік тәжірибеде water governance ұғымы мемлекет тарапынан су ресурсын жүйелі басқару мен тиімді падалануды көздейді. Қазақстанға Орталық Азиядағы су ресурстарының 18 пайыздан астамы ғана тиесілі екені мәлім, сәйкесінше еліміздегі су қорының 40 пайызға жуығы көрші мемлекеттерден келеді. Жаңадан құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігі еліміздегі су саясатын ілгерілететін, су инфрақұрылымын жетілдіру бойынша ұсыныстар беріп, оның орындалуына жауапты болуы қажет. Сонымен қатар өз құзыреттілігі шеңберінде трансшекаралық су ресурстары бойынша келіссөздер мен талқылауларда мемлекеттік мүддені қорғауда басымдыққа ие болмақ. Сонымен бірге салалық ведомства ретінде су мәселелері бойынша халықаралық және өңірлік ұйымдар мен өзге де мүдделі тараптармен байланысты жаңа деңгейге көтеруге, сол арқылы елімізге суды тиімді пайдалану бойынша жаңа технологиялар енгізуге мүмкіндік тумақ.

Орталық Азия өңірінің ауыл шаруашылығының 75 пайызы суармалы екенін әрі еліміздің төменгі ағыста орналасуы су ресурсы бойынша көрші елдермен тиімді әрі жүйелі байланыс орнату, достық пен серіктестікке негізделген «су дипломатиясын» жүргізуді қажет етеді. Осы ретте аталмыш ведомство өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әрекет етуі тиіс», – дейді ол.

ТҮЙІН:

Әлемде 3 млрд-қа жуық халық өзеннің бойына қоныс тепкен, оның тең жартысы трансшекаралық саналады-мыс. Біздің еліміздегі су ресурсының жартысы көрші өзендерден, яғни Ресей, Қырғыз, Тәжік, Қытай, Өзбекстан мемлекеттерінен келеді. Біз шектесетін төрт мемлекеттен трансшекаралық Шу, Ертіс, Еділ, Жайық, Сырдария, Іле, тағы басқа еліміздегі ірі су бассейндері бастау алады. Оған қоса, жеріміздің 60-70 пайызы шөл және шөлейт далалардан тұрады. Бірақ Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек сіңірген гидротехнигі Нариман Қыпшақбаевтың журналистерге берген сұхбатында шөл-шөлейтті аймақтардың астында да су бар екенін, Кеңес Одағы кезінде 100 мың нысаннан су анықтағанын айтқан болатын. Өкінішке қарай, тәуелсіздік алғаннан кейінгі 30 жылда бәрі де құртылған. Бұдан бөлек, гидрология саласында мамандар да тапшы болып отыр. Енді жаңадан құрылған министрлік осындай мәселелерді жүйелеп, шешімін шешсе деген тілек қана бар. Ал суды үнемдеп пайдалану мәселесі үшін тек министрлік емес, қоғам болып атсалысқанымыз жөн болар.

КҮРІШ БАҒАСЫ **КҮМІЛЖІТІП ТҰР**

Сырдың басты дақылы – күріштің бағасы күн өткен сайын аспандап барады. Жергілікті жұртшылық ақ маржанның отанында отырып, басты дақылдың негізсіз көтерілуінің себебін түсінбей дал болып жүр.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі күріш өнімінің көп үлесі Қызылорда облысына тиесілі. Яғни, Сыр өңірінде бұл дақылдың үлесі 90,4 пайызды құрайды деген ақпар бар. Дерекке сәйкес, 2022 жылы республика бойынша 213,4 мың тонна күріш өндірілген. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,8 пайыз артық өнім өндірілгенін көрсетеді. Осы ретте ағартылған күріш экспорты 11,8 пайызға артып, 32 тоннаға жеткен. Керісінше, ішкі нарықтағы сатылым бір жылда 32,8 пайызға түсіп, 31,3 мың тоннаға дейін қысқарыпты. Бұл тұрғыда күріштің басым бөлігі ТМД елдеріне жөнелтілетінін де айта кеткен абзал.

Негізінен, елімізде күріш бағасының күрт көтерілуі былтырдан бастап қатты сезіле бастады. Турасын айтсақ, 2022 жылдың тамыз-қыркүйек айларында 280-300 теңгеге бағаланған Сыр салысы желтоқсан айына таяу 400 теңгеге бір-ақ секірді. Яғни, жыл аяғы жақындағанда күріш бағасы 31 пайызға көтерілді. Бірақ баға мұнымен шектелмеді.

Биыл да күріш бағасына тоқтам жасалмай тұрғаны байқалады. Нақты уақытта Қызылорда қаласының өзіндегі сауда орындарында сыр салысының бағасы 560-600 теңгеге бағаланып тұр.

«Бір жылдары Филиппинде бүкіләлемдік күріш симпозиумына қатыстым. Сол кезде Американың бір ғалымы «алдағы жылдары күрішке деген сұраныс көбейіп, сәйкесінше баға да шарықтайды» деген еді. Бұл әлемде адам санының өсіп, күрішке деген сұраныстың жыл өткен сайын артатынын меңзесе керек. Айтса айтқандай, бүгінде күріш бағасы бүкіл әлемде көтеріліп жатыр. Негізі, халыққа жағдай жасап күрішті төмен бағада ұстасақ, көрші мемлекеттерге тасымалдау фактілері көбеюі мүмкін. Соған орай қазір арнайы меморандум аясында белгілі бір мөлшерде дүкендерге арзан күріш берілуде. Жалпы, сыр саласы сапасы мен дәмділігі жағынан өзге елдерден жеткізілетін күріштерден көш ілгері екенін мойындауымыз керек. Алайда күрішті саудаға шығармас бұрын ақтау мен қаптау жұмыстары да артық шығынға алып келетіні жасырын емес. Соған қарамастан мейлінше бағаны көтермеуге күш саламыз», – дейді өңірдегі іргелі шаруашылықтың бірі «Абай-Дәулет» ЖШС директорының орынбасары Марат Сәрсенбаев.

Жалпы, Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне сәйкес, биыл өңірде барлығы 193,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Бұл тұрғыда облыс әкімінің қолдауымен егістікті тұрақты суғаруға бөлінген 3,8 млрд текше метр су пайдалану лимитіне сәйкес биылғы егістік көлемі былтырмен салыстырғанда 4,8 мың гектарға артқан. Оның ішінде аймақтың негізгі дақылы – күріштің көлемі 89 мың гектарды құрайды. Нәтижесінде, биылғы науқанда да қамбаны алтын дәнге толтыруға үміт басым. Алайда өзімізде өндірілетін өнімнің бағасын тұрақтандыру бағытында атқарылған жұмыстар әлі де оң нәтижесін бермей келеді.

Ал бағаны бақылайтын жауапты орындар тарапынан сауда орындарында күріш бағасының негізсіз қымбаттау фактісі тіркелмегенін алға тартып отыр.

«Біздің функциямызға сәйкес, күріштің зауыттағы бағасынан сауда орындарындағы баға көрсеткіші 15 пайыздан аспауы тиіс. Тұрғындар тарапынан бағаның негізсіз көтерілуі мен талап бойынша бекітілген нормадан асып кету фактілері аясында арызшағым түссе ғана сауда орындарын тексеруге құқылымыз. Жайдан-жай тексеріс жүргізу құзырымызға кірмейді. Соңғы рет тұрғындар шағымы негізінде қаладағы «Магнум» сауда орнына тексеріс жүргізіп, бұл жерде күріштің 560 теңгеден сатылып жатқанын білдік. Тексеріс нәтижесінде, сауда орнының келісімшартымен танысып, күрішті зауыттан 535 теңгеден сатып алып отырғанын анықтадық. Бұл тұрғыда баға үстемесі 4,6 пайызды құрап, қандай да бір заңбұзушылық фактілері анықталмады. Жалпы, зауыттарда күріш бағасы 500 теңгеден сатылып жатқаны айтылады. Сондықтан да жекелеген сауда орындарында бағаның қымбаттауы сипат алуда. Ал бағаны тұрақтандыру жұмыстарымен негізінен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы айналысады», – деп түсіндірді бұл жайында Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов.

Қазір күріш дақылына келген қымбатшылық халықтың қалтасын қағып тұр. Осыдан бір жыл бұрын күріштің бағасын төмендету бағытында жұмыс жүргізіп жатқанын айтқан «Байқоңыр» ӘКК-нің әлеуеті әзірге халықтың талабын орындауға жетпей тұрған сыңайлы.

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ:

Аталмыш корпорацияға қарасты қаладағы халықты арзан бағада азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ететін бірнеше әлеуметтік дүкенді де араладық. Бірақ дүкен сөресінде күріш жоқ болып шықты. Ал оның себебін азық-түлік қорында күріштің таусылғанымен түсіндіріп отыр. Соның салдарынан қара халықтың өзімізде өсірілетін өнімді сауда дүкендерінен қымбат бағада сатып алудан басқа амалы қалмай тұрғаны байқалады. Бұл мәселеге әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы үн қосар деп үміттенеміз.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ҚАЛА МАҢЫ – БІТПЕЙДІ ЛАҢЫ...

Жаңға жайлы тұрмыс үшін ауылдан қалаға көшу қай заманда да қалыпты құбылыс саналған. Бірақ еліміздегі ірі қалалардың өзіне немесе қала маңындағы елді мекендерге шоғырланған халық санының күн санап арта түсуі біршама олқылықтың бетін ашып беріп отыр. Ұлттық экономика министрлігінің деректеріне сүйенсек, урбандалудың әлемдік тренді біздің республикада айқын көрініс беруде. Соңғы 10 жылда қала халқы ауылға қарағанда 10 есеге жуық қарқындап өскен. Халықтың басым көпшілігі сол қала маңындағы ауылдарға шоғырланып отыр.

Осыны ескеріп, біз бүгін Астана төңірегіндегі бірнеше ауылдың ахуалымен танысып, тұрғындармен арнайы жолықтық.

Бердібек ХАБАЙ

Қоянды ауылына көшіп келгендердің бірі – Данара Кабдылшарипова. Астанада пәтер жалдап, тапқан табысының көбін пәтерге төлеп жүріп, 4-5 жылын өткізіп алған ол жинап-терген дүниесінің басын біріктіріп, қала маңындағы ауылдардың бірінен өздеріне қолайлы жер телімін алып, үй салу керек деп шешеді. Сонымен не керек, елорда іргесіндегі Қоянды ауылының бір шетінен 10 сотық жер телімін алып үй сала бастайды.

«Балалы-шағалы болған соң, басына тартсақ, аяғына жетпейді. Ел қатарлы тіршілік жасаудың қамымен жүріп, шағын етіп үй тұрғыздық та, сол жылы ішіне кіріп алдық. Біз 2014 жылы ауылға көшіп келген уақытта балаларды мектепке апарып-әкелу мен жұмысқа қатынаудың өзі мұң болды мұнда. Көше ойлы-шұңқыр, кеш болса тас қараңғы. Бала емес, үлкен адамның өзіне қауіпті еді. Себебі ауылда қаңғыбас иттер қаптап жүретін. Бұл мәселе қазір де бар. Бірнеше адамды талап та тастаған жағдайлар тіркелген. Міне, осыны көріп отырып, қол қусырып қарап тұра алмадым. Ауылда белсенділер тобын құрып, тұрғындар болып, әкімдікке талапарыз жаздық. Барлығы осыдан басталды. Кейін келе мемлекеттік сатып алу порталының ашық дереккөз екенін білдік. Мұнда ауылға су тартып, жол да салуға болатынын түсіндік. Сөйтіп, мердігерлермен кездесе бастадық. Бұған дейін тұрғындар әкімдіктің «түк жоқ» дегеніне сеніп, өз күшімен жолға қиыршық тас төсетіп жатты. Ауыл қоғамдастығының күшті талабының арқасында қазір жол да, жарық та, газ да, су да тартылып жатыр. Егер жергілікті қоғамдастық мүшелері бел шеше кіріспесек, мына Қоянды қыста қардан, көктем мен күзде батпақтан көз ашпай, ел судан тарығып отыра бергендей екен», – дейді Данара.

Қазір алты баласының төртеуін мектепке жіберіп, екі бүлдіршінімен үйде отырған Данара – ауыл белсенділерінің көшбасшысы. Қоғамдастыққа ілескен соң Қоянды ауылында жасалып жатқан игі істердің басы-қасында жүр. Қазіргі салынып жатқан жолдың да, жүргізіліп жатқан газ құбырының да, тартылып жатқан жарықтың да қасынан осы қоғамдастық мүшелері табыла кетеді. Талай рет ауыл қамы үшін Ақмола облысы әкімдігі мен министрліктердің есігін қаққан. Нәтижесі сол, біршама шаруаның бойына қан жүгірген.

Дегенмен ауылдың шешілмеген шаруасы әлі бар. Ауылды қоқыс басып жатқаны туралы талай рет айтылды. Ауызсу мәселесі толық шешілмеген. Жарық пен көше шамдары сол күйі қордаланған мәселе күйі тұр. Кезінде әкімдіктің қадағалауынсыз қалай болса солай таратылған жер телімдерінің көбінде құжат жоқ. Ал заң бойынша құжатсыз үйге не газ, не су тартылмайтыны белгілі.

Қала маңындағы тұрғын алаптарының мәселесін шешу туралы Президент Үкіметтен бастап салалық құрылымдарға дейін біршама тапсырма беріліп келеді. Қалаға жақын ауылдардың проблемаларының дені – әлеуметтік мәселелер. Олардың қатарында жоғарыда аталған жол, су, жарық, медицина және білім беру мекемелері және тағы басқалары бар.

Жер кодексінің 50-бабына сәйкес, Қазақстанның әрбір азаматы жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін (10 сотық жер) тегін алуға құқылы деп көрсетілген. Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің хабарлауынша, қазір еліміз бойынша тегін жекеменшік үй құрылысы үшін 10 сотық жер алуға кезекте тұрғандардың саны 2 миллионнан асып кеткен. Үй салу мақсатында жер телімін алғысы келетіндердің басым көпшілігі Астана, Алматы және Шымкент, Түркістан қалаларына тиесілі. Соның ішінде Астана қаласының төңірегінде үй салып, тіршілік құрғысы келетіндер 1 миллионнан асып түседі екен.

Ақмола облысы Жер қатынастары басқармасының ақпаратына сүйенсек, осы жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша ЖТҚ үшін жер учаскелерін алуға кезекте тұрғандардың саны – 122 314 адам. Өтініш бергендердің кезектілігі бойынша ең көп Астана маңындағы Аршалы (11 753), Целиноград (79 389), Шортанды (7 078) аудандары болып отыр. Сондай-ақ Көкшетау қаласында – 14 517 адам, Бурабай курорттық ауданында – 5 309 адам. Әрине, жекеменшік тұрғын үй салып, өз бетінше тіршілік жасау бір қарағанда мемлекет үшін оңтайлы болып көрінуі мүмкін. Бірақ сол аумақтарды инфрақұрылымдық жағынан қамтамасыз етуге келгенде жоғарыдағы кейіпкеріміздің мәселесі әркімнің де алдынан шыға келетіні шындық.

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімінің орынбасары Серік Оспанов Астана аумағында орналасқан ауылдар мен елді мекендердің дені осы Целиноград ауданына қарасты екенін айтып отыр.

«Ауданымызда күрделі мәселелер көп. Барлық ауылда қазір газдандыру жұмыстары мен жол салу, ауызсу құбырларын тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл – тым күрделі жұмыстар. Десе де, қолдан келгенше мемлекеттік және облыстық бюджетті іркіп, ауылдардың мәселелерін шешіп жатырмыз. Мүмкіндігімізше ауылдарды кезекпен аралап, тұрғындармен кездесіп, істеліп жатқан жұмыстарды бақылаудамыз. Әрине, тұрғындар көп шоғырланғаннан кейін мәселе де молайып кететіні рас. Ол түсінікті жағдай. Ең бастысы, ауылдар мен елді мекендердегі үй салуға арналған жер телімдері біздің жоспардан көп болып кетіп жатыр. Сондықтан жергілікті әкімдік пен аудан әкімдігі ЖТҚ үшін жер телімдерін берген кезде жергілікті қауымдастықпен келісе отырып жүргізуі керек деген шешімге келдік. Бұл шаруаны біршама оңтайландырады деп ойлаймын», – деді аудан әкімі орынбасары Қоянды ауылының жұртшылығымен болған кездесуде.

Астананың шығысында орналасқан Қоянды ауылы туралы талай рет ақпарат құралдары жарыса жазды. Қояндыны көктемде су алса, жазда қоқыстан, қыс болса қардан көз ашпайтыны тағы бар. Тіпті, мемлекет есебінен жүргізіліп жатқан жол құрылысы жұмыстары жөнінде де ауыл тұрғындарының айтар уәжі жетерлік. Дегенмен ауылға әкім болып сайланғанына бір жыл да болмаған Бақытхан Солтанбайұлы бұдан былай барлығы бақылауда, жұмыстар түгел ауыл халқының көз алдында дұрыс жүргізілетіндігін айтып, сендірді.

«2025 жылға қарай ауылымызда барлық жұмыстарды толық аяқтау мәселесі қолға алынған. Оның ішінде су, жарық, газдандыру және жол құрылысы жұмыстары түбегейлі шешіледі. Қазір ауызсумен толық қамтамасыз ету бойынша барлық құжаттар әзірленіп, министрлікке тапсырылды, енді 2024 жылы ауылды толықтай сумен қамтамасыз ету жұмысын аяқтаймыз. Бүгінде тәулігіне барлығы 860 үйге арналған су желісін 2 500-ден аса тұрғын үйге жеткізіп отырмыз. Бұл да өз кезегінде мамандарға ауыртпалық түсіріп отырғаны жасырын емес. Ал аумағы үлкен көлемде жекеменшікке өтіп кеткен жер телімдерін мемлекетке қайтарып, сол аумақтарға тұрғындардың жайлы өмір сүруі мен демалуына арналған парктер салу жоспарда бар. Бұл бойынша аудандық Жер қатынастары комитетімен бірігіп жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы Қоянды ауылынан үй салу үшін жер телімдерін алуға өтініш берген 11 мың тұрғын бар. Осы тұрғындардың барлығына бірдей жер телімдерін беру – өте күрделі дүние. Сондықтан өтініш берушілердің сұранысын қанағаттандыру мақсатында ауылда көпқабатты үйлер салуды жоспарлап отырмыз. Бұл – енді алдағы жасалынатын шаруалар», – дейді Қоянды ауылының әкімі Бақытхан Солтанбайұлы.

Дәл қазір Қоянды ауылында жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқанын көзбен көрдік. Әкімнің айтуынша, қазір барлығы 21 км жол салыну үстінде. Енді ауылдық әкімдіктің ұсынымымен қосымша 24,5 км жол салынбақ екен. Жолдардың барлығы күрделі болмақ. Бұл дегеніміз – көше арасындағы автожолдар, жаяу жүргіншілер жолағы мен бірге жарықпен де қамтылып, қос қапталға жасыл желек орнатылады деген сөз.

Ал осы Қарамеңді батыр ауылы құрамына енген Жаңаесіл ауылдық округінің әкімі Қайырбек Әзімханұлы жер қыртысын бұзып, елге экологияға залал келтіріп жатқандардың кім екенін өзі де біле алмай отырғанын жеткізді. Бірақ заңсыз жұмыс жүргізіп жатқан ESILSAND ЖШС-ға қарсы әкімдік тарапынан сотқа арыз жазып, Экология және табиғи ресурстар министрлігіне де хат жолдап шағымданғандығын жеткізді.

> *Қояндыны көктемде су алса, жазда қоқыстан, қыс болса қардан көз ашпайтыны тағы бар. Тіпті, мемлекет есебінен жүргізіліп жатқан жол құрылысы жұмыстары жөнінде де ауыл тұрғындарының айтар уәжі жетерлік.*

Қояндыдан бөлек, қаланың батысында мәселесі бір төбе болып жатқан Талапкер деген ауыл тағы бар. Осыдан 2 жыл бұрын ауылда қарқынды жүргізілген жұмыстар бүгін сиырқұйымшақтанып кеткенге ұқсайды. Жол түсе бастағанда бөркін аспанға атқан ауыл тұрғындарының бүгінгі көңілінде қаяу бар.

«Ауылымызда жол салу мәселесі байқауымызша, өз ретімен жүріп жатыр. Ауыл болған соң балаларымызға дұрыс ойын алаңын салу мәселесін көтеріп жатырмыз. Жуырда қоқыс алаңдарын орнатты, қазірдің өзінде сол алаңның қоршаулары құлап жатыр. Неге жөні дұрыс құрылыс материалдарынан салмайтынын түсінбейміз. Барлық жерде біз, еріктілер, жүруіміз керек. Кейбіреулер үшін тіпті қадірсіз болып қалдық. Расын айтсам, әкімдіктің түгел жұмысын осы белсенділер мен еріктілер тобы жасап жатырмыз десем болады. Біз де өзгелер құсап дұрыс жерде, әдемі ауылда, заманға сай өмір сүргіміз келеді. Ауыл болып бірнеше рет қоқыс тазалауға шықтық. Соның арқасында ауыл іші біршама тазарып қалды. Ал енді олай жасамайтын болсақ, қоқыстың астында қалатын түріміз бар. Биліктегілер дұрыс әрі адал жұмыс істесе, белсенділер де үйде отырар едік. Уақытымызды басқа балаларымыздың біліміне, өзіміздің денсаулығымызды оңалтуға жұмсаушы едік», – дейді Талапкер ауылындағы «Белсенді Талапкер» тобының жетекшісі Айгерім Шаяхметова.

Ал біз газетіміздің атынан Талапкер ауылының әкімі Мирас Әлибекұлына бірнеше рет қоңырау шалып, хабарлама жолдағанымызбен, жауап ала алмадық.

Ал сол Талапкер ауылынан қозы көш жерде жатқан Қарамеңді батыр дейтін ауыл бар. Астанадан 45 шақырым болатын Қарамеңді батыр ауылының жанынан осыдан бірнеше жыл бұрын барлығы 19 ауылды толықтай ауызсумен қамтамасыз етуге жететін тұщы су қоры табылған болатын. Бүгінде сол жерасты тұщы судың мол қорының бетін ашып тастап үлкен тоған жасалған екен. Әлгі тоғаннан құрылысқа қажетті құм ұрлап, пайдаға кенеліп жатқандар бар деп естідік.

Іздеп жүріп бірнеше жылдан бері Қарамеңді батыр ауылындағы карьерлардан құм алуға қарсы болып жүрген Марат Жасаров есімді азаматпен арнайы хабарласып мән-жайды білгенбіз. Ол бұл мәселені ауыл әкімі де, аудан әкімі де, тіпті облыс әкімі де біліп отырғанын жеткізді.

«Талай рет ауыл тұрғындары жиналып барып, құм ұрлап жатқандардың жұмысын тоқтатуды талап еткенбіз. Еш нәтиже болмаған соң сотқа арыз жазылды. Сот тұрғындардың талабын дұрыс деп таныды. Бірақ құм ұрлау сәл тыйылып барып, қайта жалғасты. Біздің түсіне алмай отырғанымыз – осы шаруаның басында кім тұрғанын білу. Әзірге нақты ақпарат та жоқ. Егер іс бұлай жалғаса беретін болса экологиялық апат орын алады. Әлгі айтып отырған 19 ауылға су жеткізу былай тұрсын, бір де бір ауылды сумен қамтамасыз ете алмай қалатын түріміз бар. Әлемде қазір ауызсу мәселесі 1-орынға шықты. Бұл туралы кеше Президентіміз кезекті Жолдауында да шегелеп тұрып тапсырып, арнайы министрлік құрды. Осыны неге түсінбейді?! Біз еліміздің келешегі үшін шырылдап жүрміз ғой», – дейді ауыл тұрғыны, эколог Марат Жасаров.

Тәулігіне 12 мың текше метр су шығаруға қауқарлы жерасты су қорының жарамсыз күйге ұшырап жатқанына қарсылық білдірушілер бірнеше рет ақпарат құралдарын шақырып шындықты шыңғыра айтқанмен, еш нәтиже болмай отырғанына қапалы. Шынымен де, мол су қоры бар аумақты мемлекет өз қарамағына алып, арнайы қорғауы тиіс. Бұл мәселеге енді ғана құрылып жатқан Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов пен Экология және табиғи ресурстар министрлігіне қызметке келген Ерлан Нысанбаев жіті назар аударса дейді Қарамеңді батыр ауылының тұрғындары.

«Астананың маңында алғаш болып жекеменшік тұрғын үйлер салуға арналған жер телімдері біздің Қараөткел ауылында беріле бастады. Содан бері ауыл бір емес, бірнеше есеге ұлғайып кетті. Алғашқыда 200-ге жетпейтін ғана тұрғыны бар Қараөткел ауылында бүгінде 7-8 мың адам тұрады десем қателеспеймін. Осыдан 4 жыл бұрын ауылымыздың белсенді азаматтары бас қосып, ауыл әкімдігі жанынан қоғамдастық құрдық. Сол кезде қоғамдастық төрайымы болып Динара Әбдірахманова есімді тұрғынды сайладық. Ауыл әкімімен бірлесіп талай шаруа атқарылды. Жол салынды, су тартылды, ауыл тазалығы мен өзге де істердің барлығына сол қоғамдастық мүшелері белсене араластық. Талай рет ауданға, облысқа, тіпті министрліктердің табалдырығын аттап жүріп қаражат бөлгізіп, ауылымыздың 80 пайыз жолын ретке келтірдік. Бізде қазір жаңа әкім сайланған. Әкім ауысқаннан кейін жағдай мүлде өзгерді. Ауыл белсенділерінің арасына іріткі түсе бастады. Бұрынғы қоғамдастық мүшелері таратылып, жаңа қоғамдастық құрылды. Бір жиында екі жақ сөзге келіп қалып, жаға жыртысуға дейін бардық. Тіпті, сотқа арыз жазғандар бар. Ауылдың ұйып отырған берекесі кетті. Жаңа әкім келген соң бүліндік. Неге бұлай болғанын түсіне алмай жүрмін. Біздің бар ойымыз ауылымыздың гүлденуі емес пе? Олай болса неге бірлесіп, тізе қосып, ары қарай жылжуға болмайды? Бұрынғы қоғамдастық мүшелерін жаңа қоғамдастық жемқор деп санайды. Ауылымыз үшін шыбын жанымыз шырылдап жүргенде жемқор атанып шыға келу біз үшін үлкен соққы болды. Түңіліп кеттім. Бәрін қойып тыныш жүрген дұрыс шығар. Бірақ балаларымыздың келешегі үшін тағы да шырылдауға тура келеді», – дейді Қараөткел ауылының белсендісі Айкерім Өтегенова.

Ал біз Айкерімнің уәжін айтып Қараөткел ауылының әкімі Талаптан Қаршығұлына хабарластық. Ол ауылдағы екі жақтың сөзге келіп қалуын жеке бір азаматтардың ұйымдастырып жүрген ісі деп отыр. Әкімнің айтуынша, бүгінде ауылда 30 мыңға жуық тұрғын бар. Олардың небары 7 мыңнан астамы ғана тұрақты тіркеуге алынған. Ауылда азаматтардың тіркеуге тұруы басты мәселеге айналған. Сол себепті мемлекеттен бөлінетін қаражат тек тіркеуде тұрған 7 000 азаматтың мүддесіне ғана есептелінеді екен.

«Өзіңіз ойлаңызшы, 7 000 тұрғын үшін деп бөлінген қаражатты 30 мың тұрғынға жеткізу мүмкін емес қой. Дегенмен қолдан келгенше өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай жүріп жатқан жайымыз бар. Мен өзім осы ауылға әкім болып келгеніме небары 2 айдан енді асты. Бұған дейін жеке кәсіппен айналысып жүрген жан едім. Жергілікті ақсақалдар алқасының қолқа салуымен мен ауыл әкімдігіне кандидат болып тіркелдім. Ауыл халқының таңдауы маған түскен екен. Енді жұмыс істеуіме тура келеді. Қиындықтан қашпаймын. Бар білген тәжірибеммен бөлісіп жатырмын. Бізде жергілікті қоғамдастыққа 25 адам мүше болуға құқылы, қазір 19 адам тіркелген. Осы белсенді топпен тізе қоса отырып жұмыс істеп жатырмыз. Егер ауыл азаматтарының кез келгені қоғамдастыққа мүше болғысы келсе есігіміз ашық. Біз оған қуанымыз. Бәзбіреулердің қоғамдастық қатарына қоспай жатыр дегені – жалған сөз», – дейді Талаптан Қаршығұлы.

Ұлттық экономика министрлігінің ресми мәліметінше, 2023 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша республикада 6 293 ауылдық елді мекен бар, онда 7,8 млн-ға жуық адам тұрады. «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру үшін елдегі ауылдардың жалпы санынан даму әлеуеті жоғары, ауыл тұрғындарының 90%-ы тұратын 3,5 мың ауылдық мекен іріктеліп алынған. Бұл үшін 2019–2022 жылдары республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлініп, 3,7 мың жоба іске асырылды. Мемлекет басшысының Жарлығымен Ұлттық экономика министрлігі «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының» жобасын әзірледі. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – ауылдық аумақтарды дамыту мен түрлі заманға сай тәсілдерінің тиімділігін пайдаланып, ауыл халқының өмір сүру сапасын жоғарылату және жайлы өмір сүру ортасын құру болып отыр. Бұл қала маңындағы ауылдарға да тікелей қатысты дүние.

Ірі қала аумағындағы шағын елді мекендер қала өскен сайын қаламен бірге кеңейіп сала беретіні – заңдылық. Бұған байланысты әлемдік тәжірибе көрсеткендей қала маңында арнайы индустриялық аймақтар құрыла бастайтыны да шын. Бұл заң жүзінде реттеліп отыруы тиіс. Мысалы, әлемде ішкі өнімнің тең жартысы ең ірі 300 агломерацияға тиесілі екен. Ал бұл қалаларда жер бетіндегі халықтың 20 пайызы тұрады. БҰҰ болжамы бойынша, 2050 жылға қарай халықтың үштен екісі қалаларда тұратын болады. Басқаша айтсақ, қаладағы халық санын 2,5 млрд адамды құрайды. Осылайша, әлем үшін мемлекеттер емес қалалардың маңыздылығы артып шыға келеді. Қазіргі әлем үшін негізгі ықпалға ие 200 мемлекет емес, сол мемлекеттің құрамындағы 600 ірі мегаполис негізгі рөлді өздеріне алмастыратын болады. Осы бір халықаралық болжамды ескерсек, Қазақстанның ірі қалалары да жаһандық маңыздағы қалаға айналуға талпынуы керек. Болашаққа дайын болуы үшін Мемлекет басшысы Үкіметке елдегі ірі қалаларды кешенді дамыту туралы тапсырма да берген болатын.

Агломерация аумағы – негізгі қала аумағынан тым ұзақ емес бұрынғы елді мекендер. Агломерация халық саны 500 мың адамнан асатын орталықтан және өзара күнделікті еңбек және өндірістік байланыстары бар қала маңындағы аймақтан тұрады. Демек, қалалар заңдылық бойынша өсе беретін болса, қала маңындағы бүгінгі елді мекендердің де болашақта үлкен қалаларға, жеңіл және күрделі өндіріс аумақтарына айналуы бек мүмкін. Ендеше біз осыған жан-жақты дайын болуымыз керек.

ӘЛІППЕ ӘЛЕМІ *немесе* БАЛАЛЫҚТАН – ДАНАЛЫҚҚА

Сирек кітаптардың әр бетін қайталап қарау – өткен өмірдің беттерін қайта парақтаумен бірдей. Бүгіннің кешегі көрінісін көре аламыз. Білімнің бар саласы қамтылған кітапты парақтау – бұл тарихты ақтарумен тең.

Қаншама ғалымның қаламы шыңдалған кітапхана қорындағы жазба жәдігерлер негізінен оқырманға ұсынылған «Балалықтан – даналыққа» деген кітап көрмесі даңғыл жолдың бағдары дерсіз. Өйткені арнайы сирек кітаптардан тұратын кітап көрме, өз оқырмандары мен зерттеушілерін күтуде.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әліп-би» оқулығы (Жаңа құрал) 1926 жылы «Қызыл-Орда» баспасынан жарық көрген және 1935 жылдардан бастау алған «Сауаттандырғыш», 1935-1937 жылдары «Әліппелерге» ұласқан баланың танымдық қарымы мен қабілетін ашатын бұл кітаптар легінің соңы 1996 жылдардағы жарық көрген түрлі ұлт тіліндегі ана тілі кітаптарымен де толыққан.

Оқырманын елітіп әкететін және еріксіз таңғаларлық күйге түсіретін бұл кітаптар топтамасы көкейдегі көп сұраққа жауап берерліктей. Мәселен, адам баласы өзінен бұрынғы адамдардың қарым-қабілеттерінің басқа болуына байланысты өткен өміріне көз жүгіртіп, қабылдаулары анағұрлым ауыр. Тап осы жердегі әліппелер мен ана тілі және табиғаттың да әліппелерінің болғанына қарап, басқа пікірдің қалыптасары да сөзсіз.

Тарихқа көз жүгіртсек, «Сауат ашу» құралының өзі XIX-XX ғасырларда оқуағарту саласында екі түрлі бағытта дамып, орыс және араб әліпбилерімен жазылған. Медреселерде араб, орыс-қазақ мектептерінде орыс әліпбилері оқытылып келіп, Орынборда 1864 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясымен» ілесе шыққан «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» 1871 жылы алғаш рет орыс әліпбиі, яғни көне славян, кирилл қаріптерінде жарық көрген. «Қазақ хрестоматиясы» сауат ашуға арналған әліппе емес, оқу мен жазуды меңгерген балалардың алған білімі мен дүниетанымын дамытуды көздейтін оқулық ретінде ұсынылған. Бұдан кейін А. Алекторовтың «К мудрости ступенька. Азбука для учеников начальных русско-казахских школ» 1891 жылы, А. Васильевтің «Букварь для киргизских школ» 1912 жылы тағы сол сияқты басқа да әліппелер жарық көрді.

Сондай-ақ К. Ушинский өз заманында басқа ұлт балаларын орыс тілін саналы меңгеру үшін деп өзінің ана тілінде сауат ашуы қажет деген қағидасын ұстанды. Бірақ қолданылған әліппелер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін түгел бере алмаған.

Сонымен қатар заманында түркі зиялыларын біріктірген «Жәдитшілер» ұйымының бір топ мүшелері қазақ мектептері үшін жаңа оқулықтар жазды. Олар – Уфада 1910 жылы М. Нұрбаевтың «Әліппесі» шыққан. З. Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» Қазаннан 1910 жылы, М. Малдыбаев пен Ж. Аңдамасовтың «Қазақша ең жаңа әліппесі» 1912 жылы, К. Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабы» 1913 жылы



жарық көрген. Мұның бәрі де жаңа бір серпілістен туған алғашқы оқулықтар еді.

Алайда бұл аталған оқулықтар кең қолданыс таба алмаған. Оқулықтардың басты мақсаты қазақ балаларын оқу мен жазуға төте жолмен үйретуді көздеген болса да.

Ал ғұлама ғалым А. Байтұрсынұлының жаңа әліпбиі (төте жазу) үлгісімен жазылған «Оқу құралы» Орынбордан 1912 жылы шыққан қазақ мектептерінің әліппеге деген сұранысына толық жауап бере алды. Оқушылардың сөздік қорын барынша сауат ашу мақсатында тиімді пайдаланған. Жылдар өте дами түсіп, барлық жағынан дыбыстық, сөздің мағыналық жақтары ескеріліп, сөздердің қолдану ерекшеліктері де есепке алынып, 1925 жылы әдістемелік негізді ескере отырып, бастауыш мектептеріне арналған «Жаңа Әліп-биді» 1927 жылы «Қызыл-Орда» баспасы арқылы ұсынған. «Әліппенің» ең озық үлгісін бере алған бұл оқулық, баланың сөйлеу дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыру мәселелері дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан жетік шешімін тауып бере алды.

1930 жылдардың басында жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру жөніндегі Үкіметтің қаулы-қаралары Кеңес Одағының аумағындағы мектеп оқулықтарының мазмұны мен құрылымы біртекті болуын қатаң бақылауға алып, қыса түскен тұста латын қарпіне ауысып үлгерген біз үшін жаңа серпіліс әкелді.

Бастапқыда С. Кеңесбаевтың әліппесі орыс мектептеріндегі «Букварьға» тым ұқсас болды. Десе де, 20 жылға жуық бірнеше ұрпақтың сауатын ашқан.

Әліппе қазақ білім беру жүйесінің сауат ашу тарихында елеулі із қалдырды. Бейімбет. Ғабит. Әміржан деп қана берілген авторлар тобы 1935 жылы «Қазақстан» баспасынан «Сауаттандырғыш» (Сауатсыздар әліппесі) деген кітабын шығарады. Үлкендер мектебіне арналған Әліппе 1937 жылы «Қазақтың мемлекет баспасынан» шықса, 1938 жылы «Қазақ мемлекет баспасынан» С. Кеңесбаевтың «Әліппесі», 1939-1940 жылдары К. Төлебаевтың «Әліппесі» «Қазақ мемлекет баспасынан» бірнеше жыл шығып отырған.

Уақыт өте келе 1952-1963 жылдар аралығында С. Кеңесбаев, Ә. Байділдин, Ғ. Бегалин сияқты ғалымдар құрастырған 12 басылым жарық көрген. Осылайша, «Әліппе» қазақ білім беру жүйесінің сауат ашу тарихында елеулі із қалдырды. Әдістемелік еңбектерде Әліппе – сауат ашудың дыбыстық талдау-жинақтау әдісімен жазылды және сауат ашу жұмысын ғылыми жүйелеп, кезең-кезеңге бөлген, оның әр кезеңінде жүзеге асырылатын мақсаттар мен міндеттерді айқын белгілеген оқулық болды.

Тек 1967 жылы З. Төрежанова, М. Төрежанова, М. Жұбанова сияқты авторлардың жарық көрген жаңа әліппені жазуда авторлары сауат ашу кезеңінің 6 айдан 3 айға дейін қысқартылуы себепші болды.

Осылайша, 1984 жылы мектептерде алты жастан бастап оқытуды және оқулықтардың жаңа кешенін әзірлеуді қолға алды. Сауат ашуға негізделген жыл бойғы оқылатын Ш. Әуелбаевтың авторлығымен шыққан Әліппе екі жыл қолданыста болған. 1986 жылы толықтырылған Ш. Әуелбаев, М. Жұбанова, М. Төрежанова, З. Әйтенова сияқты авторлық құраммен жаңа Әліппе жарық көрді. 1990 жылы Білім министрінің Әліппелерге жариялаған конкурсының жеңімпазы болған М. Жұбанованың «Әліппе» оқулығы 1992-1993 жылдардан бастап қолданысқа еніп, 1997 жылға дейін негізгі сауат ашу құралы ретінде қолданылып келген.

Жалпы алғанда, балаларды жас кезінен халқымыздың дәстүрлі дүниетанымы мен әдет-ғұрпына баулуды және отаншылдық пен адамгершілікке тәрбиелеу мақсаты көзделген.

«Әліппе – ғылым анасы.
Әліппеден басталған,
Даналықтың данасы...» дейді Мұқағали Мақатаев. Бұл аталған әдіс-тәсілдер де, өлең жолдары да заман өтсе де өзектілігін жоймақ емес.

Мөлдір ТӨЛЕПБАЙҚЫЗЫ,
Ұлттық академиялық кітапхана қызметкері

Сырым МҮСІРЕП, *суретші-мүсінші:*

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМ ИДЕЯ МЕН ЭМОЦИЯҒА БАҒЫТТАЛҒАН

Қоғамда балалық шақтағы арманына жете алмай, өмір бойы қапада қалған қаншама адам бар. Ғалымдар мамандық таңдар алдында әр адам бала күнін еске алуы керек деп тұжырым жасапты. Біздің кейіпкеріміз Сырым Мүсіреп – бала арманынан қанаттанып, бүгінде мүсін өнерін әлемдік деңгейде дәріптеп жүрген жастардың бірі. Түрлі материалдан қайталанбас туынды жасайтын мүсінші «Шабыт», «Дарын» сыйлықтарының лауреаты.

– Мүсін өнеріне сізді жетелеген қандай күш?

– Әлемнің бар әсемдігін танып-біліп, оны әртүрлі материалмен жеткізе білу балалық шағымнан басталды. Мысалы, әртүрлі өсімдік пен табиғаттың жаратылысын қызығушылықпен зерттеп, жақсы көретінмін. Энциклопедияның ішіндегі барлық жануар мен балықты ермексаздан жасап шыққанмын. Ермексазбен күнде бір туынды жасайтынмын. Тіпті, кейде тамақ ішуді де ұмытып кететін едім. «Дарынды адам данышпандығын білмейді» демекші, бала күнімнен бастап өз ісіме ерекше сүйіспеншілікпен қарадым. Бірінші адамдарды емес, қоршаған ортаны зерттейтінмін. Ал қазір жасым өскен сайын адамдарды зерттейтін болдым. Ойлап қарасам, мектеп кезімде ойын баласы да болмаппын. Үлкендердің қасында жүріп жаңбыр жауса балшық жинайтынмын. Жақсы көріп жасаған алғашқы туындыларымның бірі – бүркіт. Ермексаз еріп кетпесін деп тоңазытқыштың жартысын туындыларыммен толтыратынмын.

МҮСІНДЕМЕ МЕН СУРЕТ ТЕК ҚЫЛҚАЛАММЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕМЕС

– Бүгінгі қоғамда мүсін мен сурет өнеріне сұраныс бар ма?

– Әрине, сұраныс бар. Ойы бар адам бұл өнердің, мәдениеттің қаншалықты жоғары екенін біледі. Бірақ біздің мемлекетімізде бұл кенже қалған өнер. Қай экономиканы алып қарасаңыз да, тіпті көліктің дизайнын, яхтаның құрылымын, интерьердегі аксессуарларды мүсіншілер мен суретшілер жасайды. Олар кез келген материалдан әлем жасай алады. Киім дизайнын да, теледидардың дизайнын жасауда суретшілер мен мүсіншілерге сұраныс жоғары. Классикалық үш дағдыдан, яғни графика, кескіндеме мен мүсіннен басқа салалар басталады. Өндірісті құрайтын да осы үшеуі. Бізде бұл өнер енді қалыптасып келе жатқандықтан, халық мүсіндеме мен сурет салуды тек қылқаламмен жұмыс істеу деп ойлауы мүмкін. Бұл пікір мүлде дұрыс емес. Хобби ретінде айналысатындар тек сурет сала беретін шығар. Ал кәсіби деңгейде біз бұл өнерді әлемге жаңа форма енгізу, ауқымды мәселелерді туындымен жеткізу деп түсінеміз. Мысалы, қалаға креативті, адам психологиясына, мемлекет мәдениетіне әсер ететін мүсіндер қоюға болады. Маркетингтік бағытта қарасақ та материяның әсері адамға ықпал етеді. Айталық, бағасы қымбат көлік пен арзан көліктің дизайнында бәрібір айырмашылық болады. Адам санасына маркетингтік тұрғыда әсер ететін дизайн жасауда суретші мен мүсіншінің де еңбегі бар. Астана қаласындағы белгілі қонақүйдің алдында орналасқан екі арыстанның мүсінін көрген шығарсыз. Екі арыстан екі архитектуралық нысанның мысы сияқты. Егер сол екі арыстанның мүсіні болмаса, ғимарат та қатардағы нысан болып қалар еді. Өз басым әлемге жаңалық әкелетіндей креативті туындылар жасауға тырысамын. Қазіргі экономика эмоцияға басымдық береді. Біздің шығармашылығымыз да идея мен эмоцияға бағытталған.

– Байқаулар мен көрмелерге жиі қатысады екенсіз. Жалпы, шетелдіктердің туындыларыңызға қызығушылығы қандай?

– Иә, байқауларға жиі қатысамын. Осы уақытқа дейін төрт рет жеке көрме өткіздім. Бұл басқа суретшілер үшін үлкен деңгей болса да, маған әлі тоқтамау керек. Мақсатым – әлемдік деңгейдегі өнер адамы болу. Байқаулар мен көрмелер суретшінің өсуіне мүмкіндік береді. Көбіне адамдарға ой салатын туындыларды жасауға тырысамын. Алда шетелдерде жеке көрме өткізу ойымда бар. Әр мәдениеттің өзіндік өнері бар. Автор ұлттық мәдениетін әлеммен ұштастырып, ортақ тілде жеткізуі керек. Сонда әлемдік деңгейде көрермен табады.

– Өнер жолында бағыт сілтеген ұстаздарыңыз болды ма?

– Ақтөбеде қарапайым орта мектепте оқыдым. Алайда ата-анам бойымдағы қабілетті дер кезінде байқаса керек, көркемсурет лицейіне апарды. Бар қызықты сәттер сонда өтті деп ойлаймын. Көркемсурет лицейінен біраз нәрсе үйрендім. Мұғалімдерім жарыстарға қатыстырды. Кейін лицей жетекшілігі де байқап, қатардағы байқауларға емес, салмақты, ірі жарыстарға жолдама берді. Айжан Әділгерейқызы, Дина Мұсақызы, Ботагөз Болатқалиева сынды ұстаздарыма әлі күнге дейін алғысымды білдіремін. Лицейде жеті жыл оқығаннан кейін жергілікті жеке колледждердің біріне «Интерьер дизайны» мамандығы бойынша құжаттарымды тапсырдым. Шынымды айтсам, ондағы студенттердің білімі көркемсурет лицейінің 3-сынып оқушыларының деңгейінен төмен болды. Дегенмен мен тек өзіме сендім, көпшілікке еріп, жұтылып кетпей, өздігімнен көп дайындалу керек деп шештім. Арасында байқауларға қатысып жүрдім. Кейін Астанадағы «Шабыт» өнер академиясына түстім. Бірақ грантқа іліге алмадым. Әділетсіздікті көре тұра байқамаған кейіп таныттым. Дегенмен әжем марқұм жиі айтып отыратын «құлаған сайын орныңнан тұрғанда мықты бола түсесің» деген сөзі жадымда сақталып қалған. Әр қиындыққа кезіккен сайын «мықты бола түсем» деп өзімді қамшылап отырдым. Ата-анам ақылы бөлімге түсірді. Осыны көре тұра мен өзіме үлкен жауапкершілік арқалауым керек деген ойда болдым. Егер стипендия алып, әдемі киініп, асханада шай ішіп отыратын болсам, бүгінде басқаша болар ма еді. Бірінші курстан-ақ іздене бастадым. Оқу жылдары біраз ұстазым тани бастады, студенттер арасында да танымал бола түстім. Жеке көрмемді өткіздім. Ірі байқауларда бағымды сынап, үлкен ортада да есімім кеңінен таныла бастады. Университетте оқып жүріп халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты атандым. Есте қалған үлкен жетістігім 2019 жылы «Дарын» жастар сыйлығын алдым. Сол кезде жасым небәрі 21-де болса да, еңбегім ақталды. Мұндай жетістіктер өнер адамы үшін маңызды болмауы керек. Бастысы, сенің әлемге не беретінің маңызды. Сондықтан «Әлемді өзгерту жолында сен не істедің?» деген сұрақты өзіме жиі қоямын. Мақсатың мен тақырыбың ауқымды болса, Жаратушы да үлкен күш береді деп ойлаймын.

ӨНЕРДІ КӘСІПКЕРЛІККЕ АЙНАЛДЫРУ МАҢЫЗДЫ

– Шығармашылықты кәсіпкерлікке айналдыру жайлы айтып беріңізші?

– Шығармашылық – рухани әлемге әсер ететін күш. Бірақ қазіргі қоғам кәсіпкерлікті де меңгеріп, шығармашылықты тұрмысқа бейімдеуді талап етеді. Өнердің ауқымды әсер етуі үшін кәсіпкерлікті де меңгердім. Бала кезімде атам мен әкем қызық көріп, маған ақша санататын. Негізі, баланың ұяда алған тәрбиесі болашақ дағдыларына да әсер етеді екен. Оқушы кезімде резеңкеден секіретін асықтарды достарыма жасап беріп жүрдім. Трендтегі дүниелерді өз идеяларымнан дамытып, басқа балаларға сататынмын. Өсе келе ауқымды жобаларға кірістім. Өнерді кәсіпкерлікке айналдыру маңызды. Адам өз сұранысынан мықты дүние жасаса, қоғам да алға жылжиды. Өнер саласы жақсы дамыған мемлекеттің экономикасы да мықты болады. Әлемнің атақты брендтерінің барлығы суретші мен мүсіншінің қолынан шыққан. Компаниялар бірбірінен озу үшін адамдардың сұрағанынан да артық дүниелер жасайды. Дамыған компанияның барлығынан өнердің иісі шығып тұрады. Түстердің әсері, форманың ыңғайлылығы, жаңа дизайнның тууы, бәрі-бәрі өнерден басталады.

– Сіз туындыларыңызда ұлттық нақыш пен заманауи үлгіні ұштастырасыз. Шабытты қайдан аласыз?

– Шабытты жүрегімдегі тақырыптардан аламын. Ақылмен, зерттеумен келген тақырыптарды көрермендерге әсер ететіндей жасаймын. Әр туындымды көрген адам жігер алса екен деп ойлаймын. Қазір әлемдік деңгейдегі тақырыптарды көтеріп жүрмін және оларды ерекше жеткізуге тырысамын. Қазақ ұлтының мәдениетіне қызығатын шетелдік көп. Сондықтан басқа тілде жасалған заманауи туындыларымды, қазақ жасағаны көрінетіндей етуге тырысамын. Жақсы энергия Жаратушыдан, сосын жақсылық жасағаннан келеді. Өнерде де екі энергия болады. Азған өнерді жасайтындар энергиялық қуатты теріс әрекеттерден алады. Ал жақсы энергияны алу үшін өнер иесінің жүрегі, ішкі әлемі таза болуы керек. Осыған аса мән беремін. Шабытты күтіп жүрмеймін. Қылқаламды ұстаған сәтте-ақ шабыт келеді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Көктем ҚАРҚЫН

МАҢҒЫСТАУ ТУРИЗМІН ТҮЛЕТУ – ӨЗЕКТІ МІНДЕТ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында елдің туристік әлеуетін дамыту тетіктерін игеріп, ілгерілету үшін серпінді жобалар жасақтау аса маңызды екенін мәлімдеді. Мемлекет басшысы отандық туризм секторындағы жобаларды тиімді қолдау шаралары мен оларды орындау мерзімдерін нақты айқындау аса қажеттігін атап өтті.

Отандық туризмнің ерекше тұстары жайлы сөз қозғағанда, Маңғыстау өлкесіне тән тұмса табиғаттың теңдессіз көрінісіне айрықша назар аудару – заңды құбылыс. Өңірде туристік әлеуетті дамытуда классикалық, экотуризм, этнотуризм және биотуризм сынды бағыттар ұсынылған. Маңғыстау облысына жыл басынан бері 250 мыңға жуық турист келген. Маңғаз өлкеге қызығушылық танытқандардың қатары былтырмен салыстырғанда 20-30%-ға артқан.

– 2022 жылмен салыстырғанда, биыл Маңғыстауға Батыс Еуропадан, атап айтқанда Италия, Германия, Англия, Франция елдерінен келген туристер көбейді. Сондай-ақ біздің өлкеге Жапония мен Оңтүстік Корея туристері де көптеп қызығушылық танытады. Маңғыстау облыстық Туризм басқармасы әртүрлі ақпараттық турлар ұйымдастырып отырады. Жыл басынан бері Ұлыбритания, Италия және Франция мемлекеттерінің туристеріне ақпараттық тур өткіздік. Турлардың мақсаты – Маңғыстау облысында орналасқан табиғи және өлкетану ескерткіштерін кеңінен насихаттау. Себебі бүгінде Маңғыстау туризмі десе, көз алдымызға тек Каспий теңізі көлбеңдейді. Алайда киелі өлке өзге де табиғат таңғажайыптарына кенде емес, соның ішінде көне сәулет өнерінің үздік туындылары, археологиялық тарихи мәдени ескерткіштер – тарихи тамыры тереңге бойлаған түбек жайлы толымды мағлұмат береді. Туризм саласындағы ең басты дүние – сапалы қызмет көрсету. Осы ретте шілде айында Маңғыстау облысындағы экскурсоводтар мен гидтарға оқыту ұйымдастырылды. Семинар соңында арнайы сертификаттар табысталды. Қазір аймақта сертификаттаудан өткен 45 гид бар. Бұдан бөлек, тарихи орындарға қажетті ақпараттық тақтайшалар орнатылды. Тақтайша сол орын немесе табиғи нысан жайлы ақпарат береді, қажетті нұсқаулық пен ескертулер де бар. Туроператорлармен тығыз қарым-қатынас орнатылды, жаңа маршруттар жоспарлануда. Себебі Маңғыстау облысында 13 мыңнан астам тарихи-өлкетану ескерткіштері бар. Сол ескерткіштер әлі де танылмаған. Мұндай жұмыстар әлеуметтік желі арқылы жасалатыны белгілі. Танымал тұлғалалар, блогерлерді тарту арқылы да тарихи орындарды насихаттау жолға қойылды. National Geographic Qazaqstan журналында жыл аяғына дейін үш тілде 30-дан астам тарихи-мәдени орын жайлы мақалалар жарияланбақ, – дейді Маңғыстау облысы туризм басқармасының басшысы Мәулен Ғабдулқалиев.

Айта кетейік, 6 маусым күні Ақтауда National Geographic Qazaqstan журналы редакциясының ұйымдастыруымен «Марс пейзаждары» экспедициясы өткен еді. Алты күнге жоспарланған фотосапар Ақтау қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асты. Сапар нәтижесінде Ақтау қаласында «Марс пейзаждары» тақырыбында фотокөрме ұйымдастырылды. Бұл жоба аясында National Geographic Qazaqstan редакциясы таңдаған үздік 25 жұмыс көрмеге қойылып, көпшілікке ұсынылды. Экспедициялық топ құрамында National Geographic Qazaqstan журналының өкілдері, отандық кәсіби фотографтар мен видеографтар, сондай-ақ саяхатшы блогерлер де бар.

Ал жуырда DJ Azi Ray лақап атымен танымал Азиза өзінің жаңа туындысын Маңғыстаудағы Бозжыра шатқалында орындаған. Әлеуметтік желі қолданушылары музыкалық туындымен қатар, бейнероликтегі әсем табиғатты тамашалауға мүмкіндік алды.

Маңғыстау облысының туризм басқармасы саяхатшыларды тәртіпті сақтауға шақыра отырып, демалуға баруға Маңғыстау облысындағы ТОП-5 тарихи-мәдени орынды, олар жайлы мағлұмат ұсынды.

Бозжыра тауы – Үстірт қорығының көркем үзілуі, борлы тауларымен және қалдықтардың шығу тегісімен безендірілген әсем жартас. Бұл – керемет ақ жартасты сүйектер. Әктас шыңдары аспанға созылып, екі шоқтың пішініне ұқсайды. Ақ таңғажайып пейзаждармен қоршалған сіз табиғаттың керемет көрінісін көре аласыз.

Тұзбайыр соры – табиғаттың дүлей күштерінің ұлы туындысы. Бұл жерде Үстірт жазығының шыңы (жарқабақ) астында жергілікті өлкеде сор деп аталатын ұланғайыр сортаң алқап орналасқан сазды-әктас және ақбор тік құлама жарлармен бөлінген. Ақ борлы жарлар құламасы ғажайып бағаналардан шексіз қатарлар жасай отырып, көптеген шұңқырлар және терең арналармен ойылып-ойылып қалған. Шың жиегінің табанында желмен мүжіліп жасалған алып табиғи жартылай арка бар. Қар ерігенде немесе қатты жауын-шашын кезеңдерінде сорлы алқап сумен толып, аспан мен ақбор бағаналар шағылып көрінетін алып тұзды айнаға айналады.

Бекет ата жерасты мешіті – Үстірт ойпатының Оғланды шатқалында орналасқан. Мешіт табиғаты көркем Оғыланды жеріндегі ақ бор тасты тау шатқалының терең орта қабатынан ойып жасалған. Мешітке кірер жерде кішкене алаңша бар. Бірінші бөлме – жоғарғы ортасынан жарық түсетін күмбез тәрізді бөлме ауыз үй. Оның батыс жағында михрабы оңтүстікке қаратылған намаз оқитын, ал оңтүстік-шығысында екі бөлме, оның біреуінде Бекет атаның өзі жерленген. Бекет ата жерасты мешіті – оның дарынды сәулеткерлігінің, биік талғамының куәсі, халық құрмет тұтатын, әулиелік орын деп саналады. Жерасты ғимараты маңында кезінде Бекет ата пайдаланған бұлақтар, құдықтар бар.

Қарақия ойпаты – кейбір нұсқаларда Қарақия ойпаты «Қара құлама» деп аударылады. Қарақияның ең терең нүктесі – оңтүстік бөлігінде, дүниежүзілік мұхит деңгейінен 132 метр төмен орналасқан, әлемдегі ең терең ойпаттардың бірі саналады. Ойпат түбінің бұл жерін Батыр деп аталатын үлкен сор басқан. Бұл ойпаттың қалай пайда болғаны туралы бірнеше болжамдар бар. Олардың кейбіреулері бойынша бұл – жойқын елге мүжілу салдарының нәтижесінде болса, енді біреулеріне сүйенсек орасан сейсмикалық құлау делінеді. Алайда барлық маңғыстаулық ойпаттардың шығу тегі, ежелгі Каспийдің шегіну сәтіндегі алып толқындардың сазды және жартасты жыныстардың шайып кету себебімен байланысты.

Айрақты-Шоманай тауы. Бұл шағын тау шоқылары жергілікті тұрғындар арасында Айрақты-Шоманай деген атпен белгілі. Айрақты таулары сүйір қадалы, мұнаралы, бағандары және бекініс қабырғаларымен ертегідей қорғандар сияқты көрінеді. Таулардың бірінен шығатын тағылау жылқылар салған жабайы айналмалы соқпақ кішкентай алаңқайға жеткізеді. Осы жерден алыстағы Ақтау таулары мен барлық айрақтылық қорғандарына тамаша көрініс ашылады. Айрақты тауының баурайларында зерттеушілер «Дала симфониясы» деп атаған ақбор жынысты тастарда шимайланған суреттерді көруге болады.

Голрох ЖЕМЕНЕЙ

ТЕГІН ОҚЫТАТЫН ОРТАЛЫҚТАР ЖЕТЕРЛІК

Үшінші мегаполисте жұмыс берушілерден түскен өтінішке сәйкес, қыркүйек айынан бастап 24 оқу орталығы 1 500-ден астам жұмыссыз азаматты тегін оқытады. Қысқамерзімді кәсіптік оқыту «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында жүзеге асырылады. Оқу аяқталғаннан кейін жұмыссыз азаматтарға сертификат табысталып, жұмыс берушілер оларды әлеуметтік келісім-шарт негізінде жұмысқа орналастыруға міндетті.

Назгүл НАЗАРБЕК

Шымкент қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Балмаржан Нарбекованың төрағалығымен өткен комиссия отырысында оқу ұйымдарында түрлі мамандықтар бойынша оқытып, жұмыс күшімен қамтамасыз етуді өтінген 60-тан астам жұмыс беруші мекеменің талапқа сәйкестіктері сараланды. Мекемелерден әсіресе техникалық және кәсіптік сала мамандарына сұраныс көп түскен. Атап айтқанда, автомобиль жөндеу – дәнекерлеушісі, байланыс желілерінің электриктері, жолқұрылыс көлігінің машинисі, кеңбейінді құрылыс жұмыстарының шебері мен компьютер және аппараттық құралдарының операторы, көкөніс өсіруші мен мерчендайзарлер сынды мамандық иелері бар.

– Жұмыссыз азаматтарды кәсіптік оқытудан өткізіп, жұмысқа орналастырудың өзі әр отбасы үшін үлкен демеу. Олардың әл-ауқатын түзеп, тұрмыс-тіршілігін жақсартулары осында отырған комиссия мүшелерінің шешіміне байланысты. Сондықтан алтын уақыттарыңызды бөліп, жерлестеріміз үшін әділ әрі жауапкершілігі мол таңдау жасағандарыңыз үшін барлығыңызға алғысымды білдіремін, – деді басқарма басшысы Балмаржан Нарбекова.

Жалпы, кәсіптік оқыту мерзімі 3 ай. Ай сайын 20 948 теңге шәкіртақы мен 2 АЕК, яғни 6 900 теңгеден бірреттік материалды көмек төленеді. Оқуға 18 жастан зейнет жасына дейінгі, жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген, Шымкент қаласында тұрақты тіркеуде тұрған жұмыссыз азаматтар қатыса алады. Үміткердің мүгедектігі болған жағдайда, мүгедектікті оңалтудың жеке бағдарламасында (ИПР) жұмысқа қабілеттілігіне дәрігердің рұқсаты болуы қажет.

Айта кетейік, Шымкент қаласы халықты жұмыспен қамту мәселесі жіті назарда. Осы ретте жиі-жиі бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтіп тұрады. Соның бірі – жуырда «Еңбек мобильділігі» орталығының ұйымдастыруымен Тұран аудандық «Мансап» орталығында кезекті «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өтті. Шара барысында білім беру, медициналық, техникалық, жеңіл және тоқыма өнеркәсібі мен «Қазақстан Фридом Финанс банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ мен басқа да қызмет көрсету салалары бойынша 4 мыңнан астам уақытша және тұрақты жұмыс орындары ұсынылды. Жұмыс беруші 35 мекеме азаматтарды еңбек шарттары және жалақы көлемімен таныстырып, мансап жолын бірге бастауға шақырды.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі сондай-ақ қалалық «Жастар ресурстық орталығы» және «Жастар рухы» ұйымының қолдауымен ұйымдастырылды. Халықты жұмыспен қамтуға бағытталған шара бірінші кезекте жұмыс іздеушілердің мүддесін көздейді. Мақсат – жұмыс берушілерді тарта отырып, жоғарғы оқу орындары мен колледж түлектерін жұмыспен қамту.

Жалпы, Шымкент қаласы бойынша биыл 57 мыңнан астам адамды жұмыспен қамту шараларына қатыстыру жоспарланған. Оның ішінде қалалық «Еңбек мобильділігі» орталығы тарапынан 16 мыңнан астам жасты жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамту көзделген. Қазір 13 мыңға жуығы қамтылып отыр.

Өңірде тұрғындарды жұмыспен қамту бойынша мұндай әлеуметтік қолдау шаралары жалғасын таба бермек.

Шымкент қаласы

«ГПЭС-те 36000 м/сағ күрделі жөндеу» жұмысын атып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГПЭС-те 36000 м/сағ күрделі жөндеу» жұмысын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт на 36000 м/ч на ГПЭС»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке работ «Капитальный ремонт на 36000 м/ч на ГПЭС» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

ЖАМБЫЛДЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА БЫЛЫҚ КӨП

Бүгінде жемқорлық күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселеге айналды. Әсіресе, білім саласындағы жеңұшынан жалғасқан сыбайластық жаға ұстатып тұр. Оған дәлел, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті мен Білім басқармасы еңбекақы төлеу қорына байланысты бірлесе жүргізген тексерісі талай қулық пен сұмдықтың бетін ашты.

Талдау мәліметіне сенсек, Байзақ, Жуалы, Жамбыл, Шу және Т.Рысқұлов аудандарында 132 заңбұзушылық анықталған екен. Мемлекетке келтірілген залалдың сомасы 207,0 миллион теңгеге жеткен.

«Балға бармақ батырған» фактілердің дені Жуалы ауданында тіркеліпті. Атап айтсақ, Жуалы ауданының білім ұйымдары біліктілікті айқындау комиссия хаттамаларымен 27 қызметкердің еңбек өтілін дұрыс есептемей, 4,4 миллион теңге көлеміндегі жалақыны негізсіз төлеген. Бұдан бөлек, «А» функционалдық блогы бойынша 6 менеджердің тарифтеу тізімдері заңсыз бекітіліп, аталған қызметкерлерге 9,3 миллион теңге заңсыз аударылған. Бұл аз десеңіз, заңнамада көзделмеген 37 штаттық бірлік артық көрсетіліп, жалпы сомасы 33,0 миллион теңгеге негізсіз аударым жасалған.

ЕСЕПШІЛЕРДІҢ ҚҰЛЫҒЫ МЕН СҰМДЫҒЫ

Жуалы аудандық білім бөлімі есепшілерінің «тәбеті» таңғалдырып тұр. Мұнда 36 есепші белгіленген нормадан жоғары жалақыны есептей отырып, өздерінің банк шоттарына 38 миллион теңге аударып алған.

Дәл осындай қулықты Шу ауданы білім бөлімінің есепшісі де жүзеге асырып, 12,3 миллион теңге көлемінде заңсыз аударым жасаған. Әріптестерінен Байзақ пен Жамбыл ауданының есепшілері де қалыс қалмай, 11,9 миллион және 1,4 миллион теңгені заңсыз қалтаға басқан.

Тағы бір сұмдықты айтсақ, Жуалы аудандық білім бөлімінің 3 есепшісі «5-15 А» нысанындағы есептерге басқа 39 мұғалімнің деректерін көрсету арқылы 4,5 миллион теңгені жымқырған. Жуалы аудандық білім бөлімінің тағы 2 есепшісі болса, «5-15 А» нысанды есеп айырысу-төлем ведомостарындағы есептерді «Қазынашылық-клиент» базасына енгізу кезінде өздерінің есепшоттарына 7,7 миллион теңгені заңсыз аударып алған.

5 МЕКТЕПТЕН БІРДЕЙ ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҚҚАН

Мектеп дәліздерін «өлі жандардың» кезіп жүретінін бұрыннан естіп, құлағымыз үйренген. Жамбылда мұндай жайттар әлі азаймай тұр. Мәселен, Байзақ ауданының әдіскерлері қосымша жұмыс бойынша педагогикалық қызметпен айналысып, алайда нақты жұмыс істемеген уақыты үшін 42,5 миллион теңге көлемінде жалақы алған. Сондай-ақ оған еңбекақы мен сауықтыру жәрдемақысы негізсіз төленген. Дәл сондай бір мұғалім 5 мектептен бірдей 56 күндік еңбек демалысына шығып, заңсыз қаржыны қалтаға басқан.

СОТТЫ БОЛҒАН АДАМ ЕКІ БАЛАБАҚШАДА ІСТЕП КЕЛГЕН

Балабақшаларда да «бармақ басты, көз қысты» әрекет көп. Атап айтсақ, Байзақ ауданындағы «Айнұр» балабақшасының басшылығы жалған деректерді көрсету арқылы бюджеттің 19,2 миллион теңгесін қолды қылған. Балабақша директоры өзіне, сол жерде жұмыс істейтін ұлына және келініне қосымша жүктемелер жазып келген.

Балабақшаны зерделеу жұмыстары Т.Рысқұлов ауданында да жүргізіліп, 11 жеке балабақша 17,6 миллион теңге бюджет қаражатын негізсіз аударғаны белгілі болды.

Жуалы аудандық білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжайында сыбайлас жемқорлық фактісімен бұрын ұсталған азаматшаның әлі күнге жұмыс істеп келе жатқаны анықталған. Тарқатып айтсақ, Жуалы ауданы сотының 25.01.2022 жылғы үкімімен «Балдәурен» бөбекжайының есепшісі А. есімді азаматша ҚР ҚК 190-бабы 2-бөлігі 3-тармағының және ҚР ҚК 189-бабы 3-бөлігі 2-тармағы бойынша кінәлі деп танылып, оған өмір бойы мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда қызмет атқаруға тыйым салынған. Сондай-ақ 3,4 миллион теңге көлемінде айыппұл түрінде жаза тағайындалған. Алайда аталған тұлға бүгінгі күнге дейін сол қызмет орнында жұмыс істеп келген. Ал ең сорақысы, аталған азаматша осы таңға дейін «Жасұлан» балабақшасының есепші қызметін де қоса атқарған.

P.S.

Бүгінде анықталған деректерді уәкілетті органмен растау үшін аудиторлық тексерістер жүргізіліп жатыр. Соның қорытындысымен және прокуратура келісімімен тиісті шешім қабылданбақ. Алайда білім саласындағы мұндай былықтар талқылауды емес, қатаң жаза белгілеуді қажет етеді. Әйтпесе, мұндай «жеңұшынан жалғасқан жемқорлық» болашағымызға балта шабатыны анық.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Адамзат тарихында атты алғаш қазақ жерінде ерттеп мінгені туралы көптеген деректер бар. Соның бір дәлелі ретінде Ботай, Берел қорымдарынан табылған археологиялық қазба жұмыстарын атасақ болады. Жылқыны қолға үйреткен көшпенділер әлем өркениетіне теңдесіз үлес қосты. Бүгінде ұлттық ат спорты – мәдениетіміз бен болмысымыздың маңызды бөлігі. Осы бір болмысымызды айшықтап, дәстүріміз бен мәдениетімізді жаңғыртатын ат спортына соңғы уақытта жақсы көңіл бөлініп келеді. Бұған мысал ретінде осымен екінші рет өтіп отырған «Ұлы дала жорығы» жобасын айтуға болады.

Екінші «ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» БАСТАЛДЫ

Наурызбек САРША

Аталмыш марафон-бәйге елімізде ұлттық спорт түрлерінен өтіп жатқан VI фестивальдің аясында ұйымдастырылған болатын. Бір күн бұрын фестивальдің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Парламент Мәжілісінің Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов елімізде ұлттық спорт түрлері мемлекет қолдауымен қарқынды дамып келе жатқанын атап өткен еді.

«Төл мәдениетімізді дәріптеп, ұлттық спортты дамыту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрдайым ерекше назарында. Оның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы Президентіміз Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда айтқан еді. Ұлттық спорт түрлері – бұл біздің тарихымыздың және қазақ халқының өзіндік ерекшелігінің айнасы. Оны дамыта отырып, рухани мұрамызды болашақ ұрпақтың игілі үшін сақтап қаламыз», – деді Е.Қошанов.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері алдағы жылы Қазақстанда Мемлекет басшысының қолдауымен өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының мәні мен маңызына тоқталды. Бірнеше мемлекеттің спортшылары бас қосатын халықаралық жарыста қазіргі Қазақстанның әлеуетін танытуға мүмкіндік беріледі.

Фестиваль аясында ұйымдастырылған «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі «AMANAT» партиясы, республикалық JORYQ ат спорты федерациясы, Мәдениет және спорт министрлігі мен Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы қолдауымен жүзеге асырылады. Бірегей ұлттық бренд құру, дәстүрлі ат спортын, атап айтқанда, қазақтың «қазанат» жылқы тұқымын танымал етуді мақсат еткен жоба Ақмола облысының Қаражар ауылынан бастау алды. Іс-шараның ашылу салтанатында сөз алған Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов бұл марафон-бәйгенің маңызын тілге тиек етіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Кеше ғана ұлттық спорт түрлері бойынша VI фестивальдың ресми ашылуын өткіздік. Ал бүгін баршамыз екінші рет ұйымдастырылып отырған «Ұлы дала жорығының» басталу салтанатына жиналып тұрмыз. Ұлттық спорт қауымдастығы 2 жыл қатарынан серіктес болып, «Ұлы дала жорығы» жобасын қолдап отыр. Ұлттық спортымыз ата-бабаларымыздан бізге қалған асыл мұрасы және аманаты. Ұлттық спорттың артында ұлтымыздың рухы мен намысы, тарихы мен салт-дәстүрі тұр. Ұлттық спортымыз елімізді біріктіретін негізгі факторлардың бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық спорттың дамуы мен насихатталуына ерекше назар аударып отыр. «Ұлы дала жорығы» әлемде жоқ республикалық марафон-бәйге. Бүгін осы бәйгеге еліміздің барлық аймағынан 100-ден астам шабандоз қатысуда. Олар 14 күнде 1 300 шақырым жерді шауып өтеді. Астанадан басталған бәйге Түркістанда мәресіне жетеді. Мен барлық шабандозға сәттілік тілеймін!

Осы жобаны ұйымдастырып, қолдап отырған Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне, «AMANAT» партиясына және Әлібек Әлденей бауырымыз бен барлық атсалысқан азаматтарға алғысымды білдіремін! Қазақ елінің аспаны ашық болып, Көк туымыз мәңгі желбірей берсін!», – деді Исламбек Салжанов.

«Ұлы дала жорығы» жобасының авторы Бақытжан Тұрлыбек биылғы бәсекенің ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

«Биылғы «Ұлы дала жорығы» жарысында 19 облыстың командасы бақ сынайды. 2022 жылы Қостанай облысында алапат өрт болып, салдарынан соңғы сәтте бас тартқан еді. Ал қазір белгісіз себептермен Атырау облысы жарысқа қатыспайды. Біріншіден, былтыр қатысқан 95 шабандоздың барлығы қайта қатысып жатқан жоқ. Мысалы, жеңімпаз атанған Маңғыстау облысының 4 қатысушысы алғаш рет келіп тұр. Сол секілді өзге облыстардың шабандоздары құрамында да 70%-дай өзгеріс бар. Неге? Өйткені бірінші «Ұлы дала жорығында» барлық облыстар өздерінің қателіктерін байқады. Қандай? Ұзақ қашықтыққа шабатын аттарда отыратын адамның салмағы жеңіл болғаны тиімді. Сондықтан да облыстар салмағы жеңіл шабандоздарға басымдық берген. Ал біз өз кезегімізде ереже бойынша 18 жастан асқан азаматтарға ғана рұқсат береміз. Екіншіден, «Ұлы дала жорығында» шетелдің бәйге аттарын қосу тиімсіз. Оны былтырғы қатысушылар ескеріп, қазақы қазанаттарға басымдық берген. Былтыр адай жылқысы өз мықтылығын мойындатса, биыл олардан бөлек, Қостанай жылқысы мен Шығыс Қазақстанның Кабардин аттары жүлдеге таласады. Үшіншіден, 2022 жылы қатысушылардың көптеген аттары Ұлытау облысында аяқтарын жарақаттады. Өйткені Ақмола облысында аттар тағасыз жүре бергенімен, Ұлытау облысының жері тас. Сондықтан аттардың төрт аяғын тағалауға кеңес бердік. Төртіншіден, алғашқы марафонда қатысушылар даладағы палаткада ұйықтады. Түннің салқындығын ескере отырып, биыл автобусқа түнейді. Бесіншіден, қатысушылардың барлығы таңғы 7:00-де 2 минут уақыт айырмашылығымен бірге бастайды. Түскі 12:00-ге дейін қатысушылар 5 сағатта 50 шақырымды бағындырып, 2 сағат тынығады. Түстен кейін барлығы 14:00-де бірге жалғастырады. Былтыр шабандоздар 50 шақырымға жетіп, ешкімді күтпей, 2 сағаттан соң, бөлек кететін. Яғни, қазір бірінші команда 50 шақырымды 11:00-ге дейін бітсе, 3 сағат демалады. Ал ерекшеліктеріне келсем, Қостанай облысы бірінші рет қатысады. Ақмола облысы бірінші рет 4 қызды жарысқа қосты», – деп атап өтті жоба авторы.

Марафон-бәйгенің ұйымдастырушысы Ғани Дүйшеновтың айтуынша, жорық барысын 2 халықаралық және 2 қазақстандық судья бағаласа, ал жол бойы аттардың жағдайын 2 халықаралық және 3 қазақстандық мал дәрігері қадағалайды.

«Жорық 14 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – 50 шақырым. Одан кейін 12 кезеңде 100 шақырымды жүріп өтеді. Шабандоздар соңғы 14-кезеңде тағы 50 шақырым жолды бағындырып, Түркістанда мәреге жетеді. Жорыққа Атырау облысынан басқа барлық өңірлердің командалары қатысып жатыр. Барлығы марафон-бәйгеге сақадай сай. Кеше аттар ветеринариялық тексеруден өтті», – деді Ғани Дүйшенов.

Осы орайда бүгінгі бірінші кезеңнің үздіктері де анықталғанын атап өткіміз келеді. Бірінші кезеңнің 50 шақырымын алғашқы болып Жамбыл облысы 2 сағат 23 минут 37 секундта бағындырды. Екінші орын Солтүстік Қазақстан облысының еншісінде. Олардың нәтижесі – 2 сағат 57 минут 04 секунд. Ал Жетісу облысының командасы үздік үштікті 2 сағат 58 минут 32 секунд уақытпен түйіндеді.

«Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйгесінің бас серіктесі – Sport Qory туризм индустриясы мен спортты қолдау қоры.

Былтырғы өткен жарыста Маңғыстау облысының құрама командасы бәйге марафонының жеңімпазы атанса, Жетісу облысының спортшылары екінші орынды, Түркістан облысының құрамасы үшінші орынды иеленген болатын. Марафонға қатысушыларға түркілердің киелі жерлері – Жошы хан, Алаша хан кесенелері, сондай-ақ Қазақ хандығының алғашқы астанасы Созақ қаласы пен түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласы сияқты тарихи орындарға, Әзірет-Сұлтан кесенесіне зиярат жасаған еді. Жоба YouTube-те 5 миллионнан астам және TikTok-та 30 миллионнан астам қаралым жинаған.

Түйін:

Мұндай жарыстар БАӘ, АҚШ, Испания, Франция, Ұлыбритания, Германия, Канада және Аустралия сияқты елдерде Халықаралық ат спорты федерациясының (FEI) қамқорлығымен үнемі өткізіліп тұрады. Бірақ әлемдік атжарыстардың ішінде ең ұзақ қашықтық 160 шақырымнан аспайды. Ал 1 300 шақырымды тұлпар тұяғымен басып өтетін шабандоздардың бұл жарысы әлемде тек біздің елімізде ғана ұйымдастырылып отыр. Ендеше бұл – Қазақстанды ат спорты мен ат туризмінің отаны ретінде мойындатуға жол ашатын шара болмақ. Енді осы шара халықаралық сипат алып, ұлттық бренд ретінде қалыптастыру – алдағы басты міндет. Келесі жылы Қазақстан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізеді. Мемлекет басшысы оны жоғары деңгейде ұйымдастыруды тапсырды. Бұл жоба соның ішінде, еліміздің инфрақұрылымының көшпенділер ойындарына да, басқа да болашақ жарыстарға дайындығын тексеруге тамаша мүмкіндік болмақ.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4347
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Көктем ҚАРҚЫН